

**НАУРЫЗ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?**

6-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ

**ТІЛЕУКЕ САРДАР – ДАҢҚТЫ ТҰЛҒА**

7-БЕТ | ЗЕРДЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Жылдар бойы жауыр болған бюрократияға, қағазбастылыққа үзілді-кесілді тосқауыл қоятын уақыт жетті. Мемлекеттік қызмет жүйесінде барлық үдеріс ашық болуға тиіс. «Мемлекет адам үшін» қызмет етуі керек. Елімізде азаматтардың мүддесін толық қорғайтын мемлекеттік қызмет моделін, үлгісін қалыптастыру қажет. Сондықтан уақыт талабына сай келетін және қоғам сұранысына жауап беретін жаңа жұмыс тәсілдерін енгізген жөн. Мемлекеттік қызметшілердің жұмысын шынайы бағалайтын нақты өлшемдер болуға тиіс. Бұл – бағалау жүйесін ұдайы жаңартып отыру қажет деген сөз. Мемлекеттік қызметшінің іс жүзінде атқарған жұмысы міндетті түрде ескерілуі керек.

№22
(4610)
Бейсенбі
22 ақпан
2024 жыл

# ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

## ПРЕЗИДЕНТ ҚАЗАНҒА БАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Қазан қаласына жұмыс сапарымен барды. Сапар аясында Президент «Болашақтың ойындары» халықаралық турнирінің ашылу рәсіміне қатысады, сондай-ақ бірқатар кездесулер өткізеді. Аталған іс-шараға Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері, сондай-ақ басқа да бірқатар мемлекеттің өкілдері қатысады деп жоспарланған.




## ЖОЛАҚЫ ТӨЛЕУДІҢ ЖАҢА ТӘСІЛІ

Елордада қоғамдық көліктерде жолақы төлеудің тағы бір ыңғайлы әдісі ұсынылды. Бұл – «Avtobys» мобильді қосымшасымен жолақыны автобустың борт (QR-кодтың үстіндегі сан) нөмірі арқылы төлеу.

Бұл тәсіл несімен ыңғайлы? QR-кодты сканерлемей-ақ, қашықтан көлік кодын енгізу арқылы төлем жасалады. Жақындарыңыздың сіз үшін қашықтан төлем жасап беру мүмкіндігі бар, яғни ол үшін көлік кодын айтсаңыз болды.

Әуелі «Avtobys» мобильді қосымшасында «борт нөмірі» бөліміне өтіп, QR-код жапсырмасының үстінде немесе валидаторда көрсетілген нөмірді енгізу қажет. Кейін төлем жасау тәсілін таңдап, төлемді растау керек. Бұл жерде төлем «Avtobys» қосымшасының теңгерімінен немесе банк карталарынан (банк картасы қосымшаға тіркелген болса) алынады. Қосымшаның теңгерімін QIWI, Kassa24 төлем терминалдары, интернет-банкингтер арқылы толтыруға болады.



4

# АЛТЫН ДІҢГЕК – ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ

Парламент Сенатында Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын іске асыру аясында «Демографиялық өсу – ұлттың стратегиялық артықшылығының негізі» тақырыбына арналған Үкімет сағаты өтті. Осы жиналыста демография мәселесі, солтүстікке көш жайы кеңінен талқыланып, оны шешудің тәсілдері мен әдістері тілге тиек етілді. Осы саладағы өзекті мәселелерді ұдайы көтеріп келе жатқан «Астана ақшамы» газеті жиындағы негізгі баяндамаларды оқырман назарына ұсынып отыр. Өйткені демография – еліміздің ең өзекті әрі қазақ ұлтының тағдыршешті мәселесі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Қуатты ұлттың діңгегі – халық» деп шегелеп тұрып айтқан еді.

## ЕРІКТІЛЕРДІҢ ІЗГІ ІСІ

Ақпандағы шыңылтыр аязға және алай-дүлей соққан боранға қарамастан, қаладағы коммуналдық қызметтер күшейтілген тәртіппен жұмыс істеуде. Көшелердегі тазалық пен тәртіпті қадағалап, тынымсыз еңбек етіп жүрген коммуналдық қызмет мамандарына еріктілер қуаныш сыйлады.

3



## УАҚЫТЫ ӨЗГЕРУІ МҮМКІН

Үстіміздегі жылғы 1 наурызда білім ошақтарының жұмыс уақыты өзгеруі мүмкін. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев жергілікті әкімдіктер мектептерде сабақтардың басталу уақытын қайта қарастыра алатынын айтты.

Мысалы, оқуды таңғы 8:00-де бастайтын білім ошақтары ол уақытты 8:30-ға ауыстыруға болады. Құзырлы ведомство уақыттың өзгеруін сарапшылар қауымдастығы мен ғалымдар қабылдағандықтан қисынды деп санайды. 1 наурыздан бастап Қазақстан біртұтас уақыт белдеуіне ауысады.



# ТАЛАПТЫ ЖАСТАРҒА БІРЕГЕЙ МҮМКІНДІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада өткен Президенттік жастар кадр резервінің форумына қатысты. Жиын алдында Мемлекет басшысына Президенттік жастар кадр резервінің қатарына әр жылдары өткен мамандардың жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан жобалар таныстырылды. Атап айтқанда, Президентке «Е-қызмет» ақпараттық жүйесінің артықшылықтары, Citix компаниясы өнімдерінің экспорттық әлеуеті, «Kazakh Invest» ұлттық компаниясының өңдеуші өнеркәсіп пен энергетика секторына инвестор тарту тәжірибесі, сондай-ақ бюджеттік процестерді оңтайландыруға арналған «eAkimat365» ақпараттық жүйесі туралы мәлімет берілді.



**ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ**

Қасым-Жомарт Тоқаев форум қатысушыларының алдында сөйлеген сөзінде жастардың осынау инновациялық ізденістерін оң бағалап, тиісті мемлекеттік органдар тарапынан мұндай бастамаларға қолдау көрсетілетінін жеткізді. Оның пікірінше, мемлекет басқару ісіне ойы ұшқыр, білімі озық, сана-сезімі терең, нағыз отаншыл азаматтар көптеп келуі керек.

«Президенттік жастар кадр резерві дәл осындай талапты жастарға бірегей мүмкіндік береді. Бүгінде резервте 400 маман бар. Соның 280-і, яғни 70 пайызы орталық және жергілікті атқарушы органдарда жауапты лауазымдарға тағайындалды. Бірқатары квазимемлекеттік секторда және бизнес саласында еңбек етіп жүр. Осы орайда мен Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бұрынғы төрайымы Анар Жайылғанова кезінде осы бастаманы жүзеге асыруға мол үлес қосқанын атап өткім келеді. Қазіргі таңда елімізде ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатыр. Мемлекетімізді өркендету үшін жаңа, батыл қадамдар жасалуда. Сондықтан өздеріңіз сияқты еліміздің жалынды жастары осы өзгерістердің қозғаушы күшіне, мықты тірегіне айналуы керек деп санаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жуырда аймақтық жастар кадр резервіне іріктеу басталатынын мәлімдеді. Әкімдер оның ашық әрі әділ өтуін қамтамасыз етуге тиіс. Сонымен қатар кадрлық резервті жасақтау барысында әр облыстың әлеуметтік-экономикалық ерекшелігін ескеру маңызды.

**ЖАҢА МӘДЕНИЕТ**

Президент мемлекеттік қызметшілерге тән жаңа мәдениет қалыптастыру, құндылықтарды өзгерту мәселесіне айрықша тоқталды. Оның айтуынша, барлық салада, әсіресе мемлекеттік органдарда заң мен тәртіп үстемдігі болуға тиіс.

«Заң мен тәртіп орнамаса, қазіргідей күрделі геосаяси жағдайда елімізді сақтап қалу қиын болады. Мұны бәрі түсінгені жөн. Тек мемлекеттік қызметшілер ғана емес, жалпы қоғам заңға бағынуға тиіс. Бұл демократия шектеледі деген сөз емес, керісінше, еліміздің егемендігін нығайтып, демократияны дамыта түседі» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, билік өкілдері әрдайым халықпен бірге, яғни азаматтармен тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет. Кез келген мәселені уақытылы шешіп отыру – негізгі міндет. «Халық үніне құлақ асатын мемлекетте» дәл осындай құндылықтар орнығуы керек. Сонымен қатар Президент мемлекеттік қызметте білікті салалық мамандардың тапшылығы сезілетінін айтты.

«Бұл ретте еліміздегі бизнес, ауыл шаруашылығы, қаржы, медицина, білім және басқа да секторларда табысты еңбек етіп жүрген адамдар жеткілікті. Нақты нәтижеге ұмтылып, тұтынушының қажеттілігін өтеу үшін жұмыс істейтін осындай мамандардың әлеуетін жұмылдыру керек. Мемлекеттік қызметтің гибридті моделін енгізуді жалғастырған жөн. Ол үшін жеке сектордан білікті мамандарды мемлекеттік қызметке қабылдау ережесін анағұрлым еркін, жеңіл етіп жасау мәселесін мұқият пысықтау қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыру үшін жеке сектормен бәсекелес еңбекақы белгілеу қажет екенін атап өтті.

«Әрине жалақы мен сыйақыны шектен тыс көп беруге болмайды. Бірақ таңертеңнен кешке дейін, уақытпен санаспай жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлерге белгілі бір деңгейде материалдық өтемақы төленуі керек деп санаймын. Мәселе өте өзекті. Біз мұны мемлекеттік қызметшілердің пайдасына шешеміз. Олардың баспана мәселесін де тиісті деңгейде шешу керек. Бұл бойынша Сингапур және басқа да елдердің тәжірибесіне назар аударған жөн. Олардың мемлекеттік басқару жүйесіндегі тиімді әдіс-тәсілдерді қарастыру қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК САҚТАЛАДЫ**

Сондай-ақ Мемлекет басшысы ғалымдарды, сарапшылар мен белсенді азаматтарды, әсіресе, еріктілерді қызметке тартудың мәні зор деп санайды. Бұл ретте Президент еліміздің әділетті мемлекет әрі инклюзивті қоғам құрып жатқанына, гендерлік теңдікті сақтау мәселесіне назар аударды.

«Мемлекеттік аппараттағы әйелдердің үлесі 55 пайызға жуықтағанына қарамастан, басшылық құрамда бұл көрсеткіш 39 пайыздан аспайды. Өз тәжірибемнен білетінім, әйелдерді қызметке тарту керек. Біріншіден, ер адамдар ренжімесін, әйелдер жұмысқа өте мұқият, тиянақты қарайды. Ер адамдармен салыстырғанда, жемқорлық әрекеттерге бейім емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі агенттіктің статистикасы соған меңзейді. Саяси қызметкерлер арасында да елеулі теңсіздік байқалады. Олардың қатарындағы әйелдердің саны 10 пайызға жетпейді. Мемлекеттік қызметтегі жастардың үлесіне қатысты да диспропорция бар. Мемлекеттік қызметтегі әйелдердің, жастардың және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың санын көбейту керек. Олардың, әсіресе, басшылық құрамда қызмет етуіне барынша мүмкіндік берген жөн» деді Президент.

**«КОМАНДАЛЫҚ КӨШ» ҮРДІСІН СЫНАДЫ**

Қасым-Жомарт Тоқаев жас мамандарды мемлекеттік қызметке бейімдеу үшін Тәлімгерлік институтын жандандыру мәселесіне баса назар аударды. Сонымен қатар мемлекеттік қызметте «командамен көшу» үрдісі әлі тыйылмай отырғанын сынға алды. Осыған орай Президент Әкімшілігіне, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікке бұл мәселені қатаң бақылауға алуды, мұндай әрекеттерге батыл тосқауыл қоюды тапсырды.

«Жалпы, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікке заң жүзінде қосымша құзырет беру қажет деп санаймын. Олар еліміздегі кадр саясатына конструктивті тұрғыдан ықпал ете алуға тиіс. Әрине, бұл агенттік басшылығына айрықша жауапкершілік жүктейді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ҚАЛАЙ ОҢТАЙЛАНАДЫ?**

Президент мемлекеттік қызметті неғұрлым озық салаға айналдыру қажет екенін айтты.

«Жылдар бойы жауыр болған бюрократияға, қағазбастылыққа үзілді-кесілді тосқауыл қоятын уақыт жетті. Мемлекеттік қызмет жүйесінде барлық үдеріс ашық болуға тиіс. «Мемлекет адам үшін» қызмет етуі керек. Елімізде азаматтардың мүддесін толық қорғайтын мемлекеттік қызмет моделін, үлгісін қалыптастыру қажет. Сондықтан уақыт талабына сай келетін және қоғам сұранысына жауап беретін жаңа жұмыс тәсілдерін енгізген жөн. Мемлекеттік қызметшілердің жұмысын шынайы бағалайтын нақты өлшемдер болуға тиіс. Бұл – бағалау жүйесін ұдайы жаңартып отыру қажет деген сөз. Мемлекеттік қызметшінің іс жүзінде атқарған жұмысы міндетті түрде ескерілуі керек. Ең бастысы, әрбір қызметші еліміздің алдында тұрған стратегиялық міндеттерге сәйкес барынша тиімді жұмыс істеуге дайын болуы қажет» деді Президент.

Бұл ретте IT-шешімдер арқылы мемлекеттік қызмет жүйесін оңтайландыру маңызды.

«Жасанды интеллект технологиясын және ауқымды мәліметтер қорын, яғни Big Data-ны тиімді қолдану керек. Заманауи технологиялар арқылы халықпен етене байланыс орнатудың жолдарын жақсартқан жөн. Себебі барлық маңызды шешімдер азаматтардың пікірі негізінде қабылдануға тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ДАЙЫН БОЛЫҢДАР!**

Президент қайда жүрсе де, үнемі еліміздің жас ұрпағы жөнінде айтатынын еске салды.

«Мен сіздерге зор сенім артамын. Экономикада, мемлекеттік қызметте немесе басқа секторда жұмыс істеп жүрген жастарымызға қолдау білдіру үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймын. Сіздер өмірдің базарына енді келген, ал біз қайтып бара жатқан адамдармыз. Бұл – қалыпты дүние. Уақыты келгенде, сіздерге жол береміз. Біз зейнетке шығамыз, орнымызға сіздердей жалынды жастар келеді. Бірақ сіздер туған елге, Отанға қызмет етуге дайын болуларыңыз қажет. Өйткені күрделі заманға тап келіп тұрмыз. Көптеген қиындықтарды бастан өткеріп жатырмыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Президенттік жастар кадр резервіне өткен мамандарға зор жауапкершілік жүктелетінін атап өтіп, олардың негізгі мақсаты мемлекет мүддесі болуға тиіс екенін жеткізді.

«Көп ұзамай мемлекеттің игілігі үшін ең жауапты шешім қабылдайтын кезеңге тап келесіздер. Үкіметте болсын немесе квазимемлекеттік секторда болсын, ел басқару ісіне араласасыздар. Әлбетте, жеке секторда да еңбек етесіздер. Сондықтан мен сіздерге зор үмітпен қараймын. Ең алдымен, осы зор жауапкершілікті дұрыс түсінген абзал. Қай салада болмасын, негізгі мақсат мемлекет мүддесі болуға тиіс. Баршаңызға мәлім, мен жақында Үкіметте кеңейтілген жиын өткіздім. Қазақстанның жаңа экономикалық саясатын жүзеге асыруға арналған нақты шараларға тоқталдым. Қазір біздің алдымызда өте ауқымды міндеттер тұр» деді Президент.

Сонымен қатар форумда «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» институционалдық серіктестер департаментінің директоры Жанар Нұржанова, «Wand synthesis AI» машиналық оқыту жүйесін әзірлеуші Әлібек Сайланбаев, Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімі Нұрхан Тілеумұратов, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Инновацияларды дамыту департаментінің директоры Дархан Мырзабаев сөз сөйледі.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Сербия Президенті Александр Вучичпен телефон арқылы сөйлесті. Сербия тарапының бастамасымен өткен әңгімелесу барысында саяси және сауда-экономикалық ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары талқыланды.

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕЛЕШЕГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Тараптар іскерлік байланыстарды нығайтуға, сондай-ақ өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика салаларындағы бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға өзара мүдделі екенін айтты. Сонымен қатар екі ел басшылары орнықты дамуды қамтамасыз етуге, жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздікті ілгерілетуге қатысты сындарлы диалогты жалғастыруға дайын екенін растай отырып, халықаралық күн тәртібіндегі бірқатар өзекті мәселе жөнінде пікір алмасты. Сербия Президенті Александр Вучич Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты Белградқа сапармен келуге шақырды.

# ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанның Сыртқы істер министрі Бахтиёр Саидовты қабылдады. Президент Өзбекстанның сыртқы саясат ведомствосының басшысына ілтипат білдіре отырып, қазақ-өзбек ынтымақтастығы барлық салада қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевтің екіжақты байланыстарды тереңдету ісіне елеулі үлес қосып отырғанына тоқталып, Қазақстан өңір халықтарының игілігі мен өсіп-өркендеуіне бағытталған Өзбекстанның бастамаларын алдағы уақытта да қолдауға дайын екенін жеткізді.

Кездесу барысында сауда-экономикалық ықпалдастықты кеңейту мәселелері талқыланды. Екі елдің дамуына тың серпін беретін жаңа бағыттарды қарастыру және екіжақты тауар айналымын арттыру маңызды екені айтылды. Мемлекет басшысы көлік-транзит саласындағы ынтымақтастықты нығайтудың мәні зор екенін атап өтті. Президент Қазақстанның «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желісін салуға кірiскенін мәлімдеді. Бұл жолды одан әрі Өзбекстан шекарасына жеткізу көзделіп отыр. Аталған теміржол байланысы екі ел арасындағы жүк тасымалының көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан тарапының Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамыту ісіне атсалысуы барлық тарапқа тиімді болады деп санайды.

Өз кезегінде Бахтиёр Саидов Мемлекет басшысына алғыс айтып, Өзбекстан Президентінің ізгі тілегін жеткізді. Министр екі ел басшылары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы одақтастық қарым-қатынасты нығайту үшін жоғары меже қойғанына тоқталды.

# ҰСЫНЫСТАРЫН ТЫҢДАДЫ

Заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысында мәслихат депутаттары бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің – ішкі саясат, дін басқармасы, төтенше жағдайлар, полиция және азаматтық қорғаныс департаментінің ұсыныстары мен өзекті мәселелеріне назар аударды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.



«Жақын арада астаналық мәслихат депутаттары екі қалалық айыппұл тұрағының қызметімен танысады, себебі олардың жұмысына қатысты қала тұрғындары тарапынан көптеген шағым түсіп жатыр. Біз сондай-ақ медициналық айықтырғышқа, тұрғын үй массивтерінде орналасқан полиция бөлімдеріне барамыз. Кездесу қорытындысы бойынша полицияның мобильді (модульдік) пункттерін, бейнебақылау камераларын орнату қажет болатын Астана аудандары мен аумақтары белгіленетін интерактивті картаны әзірлеуді жеделдетуді тапсырдым. Сонымен қатар біздің қалаға қандағы алкоголь мен есірткінің болуын анықтайтын жедел тесттер жүргізілетін орындарды ашу қажет» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

# ӘСКЕРИ КИІМ ТІГЕДІ

Елордадағы №1 индустриалды парк аумағында әскери киім тігуге маманданған DuyQaz жаңа тігін кәсіпорны ашылды. Бүгінде кәсіпорында іске қосу-жөндеу жұмыстары жүргізіліп, алғашқы тапсырыстар қабылдануда.



Кәсіпорында айына 1500-2000 дана арнайы киім тігіледі, болашақта өнім көлемін 4 мыңға жеткізу жоспарланып отыр. Киім-кешек қазақстандық күштік құрылымдары үшін тігіледі. 40 адам жұмыс істейтін кәсіпорынға QazIndustry өкілдері барып, тігін фабрикасының басшылығына мемлекеттік ынталандыру шараларын пайдалануды ұсынды.

– Астанада арнайы киім тігу бойынша жаңа кәсіпорын бір ай бұрын ғана іске қосылып отыр. Бұл ретте кәсіпорын үшін мемлекеттік ынталандыру шаралары артық етпейді. Біз цехқа барып, басшылыққа шығындардың бір бөлігін өтеу түріндегі мемлекеттік ынталандыру шараларын қолдануды ұсындық. Ынталандыру шараларын кәсіпорындағы қазіргі күні жүргізіліп жатқан іске қосу-реттеу жұмыстарына және қызметкерлерді оқыту мақсатында шетелдік мамандарды тарту бағыттары бойынша пайдалана алады, – деді «QazIndustry» АҚ бизнесті ынталандыру дирекциясының басшысы Арстанбек Сағиев.

DuyQaz компаниясы 2023 жылдың қазан айында «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының қатысушысы ретінде енгізілген. Қазақстанның әскери қызметшілері жаңа формаға: аляска үлгісіндегі күртелерге, қалқасыз қалпақтарға және басқа да өзгерістерге көшуі тиіс. Киім үлгілері ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен 2023 жылдың мамыр айында өткен бүкіләскерлік конференцияда көрсетілген болатын. Жаңа далалық киім үлгісіне көшу 2024 жылдың төртінші тоқсанында, қалған заттар бойынша үш жыл ішінде жоспарланған. Отандық кәсіпорындар жуық арада жаңа үлгідегі форманы шығаруға кірісуі керек.

# ЕРІКТІЛЕРДІҢ ІЗГІ ІСІ



*(Соңы. Басы 1-бетте)*

«Игі істер марафоны» жобасы аясында олар әлеуметтік кәсіпкер Рахима Мұқышевамен бірлесіп көше тазалаушыларға жылы шарф таратты. Бір таңғаларлығы, 6-70 жас аралығындағы тоқу тәжірибесі жоқ қала тұрғындары 1 айдың ішінде 100-ден аса жылы шарф тоқыпты. Қайырымдылқы акциясына 70-ке жуық ерікті қатысқан. Олардың жылы бұйымдары қатты аязда тоңған жандарға ерекше жылу сыйлағаны анық. Бұған дейін «Құрақ көрпе» стилінде эко-шырша жасаған Р.Мұқышеваның бұл жолғы бастамасы қаладағы барлық тұрғындарға және кәсіпкерлерге тамаша үлгі-өнеге болды. Коммуналдық қызмет мамандары күтпеген сыйлыққа ризашылығы мен алғысын жаудырды. Естеріңізге сала кетейік, елордада игі істер марафоны жалғасып жатыр.

# ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК АҚЫСЫ ҚЫМБАТТАЙ МА?

Астана қаласы әкімдігі қаулысының жобасына сәйкес, қаладағы қоғамдық көліктерде жол жүру ақысын арттыру жоспарлануда. Аталған құжатқа сәйкес, қоғамдық көлікте жол жүру ақысын 90 теңгеден 110 теңгеге дейін арттыру ұсынылып отыр.

Бұған дейін қаладағы маршруттарда жол жүруге 90 теңгелік тариф 2014 жылдың қыркүйегінде белгіленген болатын. Астанада және қала маңында оқитын 18 жасқа дейінгі балалар үшін қоғамдық көлікте жол жүру 2020 жылғы наурыздан бастап тегін. Міндетті шарт – мектептің көлік картасының болуы және онымен автобуста валидация жасау.

Сондай-ақ Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар, жасы және еңбек еткен жылдары бойынша зейнетке шыққандар, сондай-ақ жасы бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша зейнет жасына толған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар, көпбалалы отбасылар, мүгедектер, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар, оның ішінде ата-анасының бірі (заңды өкілі), «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалту туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен ақталған 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Қазақстандағы оқиғаларға қатысушылар қатарынан саяси қуғын-сүргін құрбандары да осы жеңілдікке ие.

Коммуналдық қызмет қар тазалау жұмысын тоқтатпай, тәулік бойы жалғастыруда. Өткен түнде олар елордадан 34 мың текше метрден астам қар шығарды.

# ҚАР ТОҚТАУСЫЗ ТАЗАЛАНУДА



Мәселен, 21 ақпан күні таңертең елордада қар тазалау жұмысына 1,3 мыңнан астам арнайы техника мен 2,3 мыңнан астам жол жұмысшысы жұмылдырылды. 20 ақпаннан 21-іне қараған түні қаладан 34 мың текше метрден астам қар шығарылды, бұл 2,5 мың ауыр жүк көлеміне тең.

Жалпы қыс мезгілі басталғалы бері қар полигондарына барлығы 361 мың рейс арқылы 4,9 млн текше метр қар шығарылды. Сондай-ақ қозғалыс кезінде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жолдар мен тротуарларға құм-тұз қоспасы себілуде.

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ТҰРУДЫҢ ӘДІЛ ЖОЛЫ

Азаматтар үшін мемлекеттік қызметтің барынша ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметке іріктеу мен қабылдау рәсімі жеңілдетілген болатын. Іріктеудің автоматтандырылған әдісі әзірленіп, е-қызмет жүйесінің сыртқы порталы іске қосылды. 2023 жылдың наурызынан бастап онлайн форматта іріктеу 5 мемлекеттік органда сынақтан өткізілді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің есебі бойынша 2023 жылы онлайн форматтағы жалпы конкурсқа қатысушылардың саны қолданыстағы іріктеу тәртібімен қатысушылардың санынан 2,7 есе артық болған. Демек, цифрлық эволюцияның арқасында аталмыш жоба мемлекеттік қызметке іріктеу процесін мейлінше ілгерілетті.

Е-қызмет жүйесінің сыртқы порталы басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланған. Соның нәтижесінде кандидаттар артық құжат жинамайды, олар автоматты түрде мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінен алынады. Жобаның тартымдылығы – үміткерлердің іріктеуге өзіне ыңғайлы кез келген уақытта online қатыса алу мүмкіндігінің бар болуында. Сонымен қатар адами факторлардың әсері азайтылып, тәуелсіз прокторинг жүйесі арқылы байқау рәсімдерінің ашықтығы қамтамасыз етілуінде. Үміткер өтінім берген сәтте жүйе оған дербес сәйкестендіру нөмірін тағайындайды. Бұл дегеніміз іріктеу кезеңдеріне қатысқан кезде үміткерді оның дербес деректерін көрсетпей иесіздендіру үшін қолданылады.

Тестілеу өткізілетін нормативтік-құқықтық актілердің саны да қысқартылған. Енді үміткерлердің құзыретін бағалауға баса назар аударылады. Үміткерлердің жеке қасиеттері, мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті бағаланып біткен соң, конкурстық комиссиясымен әңгімелесуден өтеді. Бұл кезең бейнебайланыс режимінде жүргізіледі. Кандидатқа функционалдық бағыттарға сәйкес жалпы сипаттағы сұрақтар қойылады. Әңгімелесу аяқталған күні жүйе автоматты түрде барлық кезеңдердің нәтижелерімен жиынтық балдары ең көп үміткерді конкурс жеңімпазы ретінде анықтайды.

Іріктеуден өту барысы, оның уақыты, ескертулер кандидаттың жеке кабинетіне жіберіліп отырады. Жаңа іріктеу жүйесі кезең-кезеңімен барлық мемлекеттік органдарға енгізілмек. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының «Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар нәтижесінде ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінде іріктеу 2024 жылдың ақпан айынан бастап Астана қаласы әкімінің аппаратында, Астана қаласының мәслихатында, Астана қаласының тексеру комиссиясында қанатқақты жобада өткізіледі.

Іріктеуге онлайн қатысу үшін баржоғы eqyzmet.gov.kz сайтына өтіп, нұсқаулықпен таныссаңыз болғаны. Мемлекеттік қызметтің цифрлық дәуірге өтуі арқасында үйден шықпай, мемлекеттік қызметтің бір бөлігі болыңыз!

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті**

Бас қалада Тұран даңғылындағы Орынбор мен Р.Бағланова көшелерінің аралығында инженерлік желілерді төсеу жұмысы жүргізіледі. Осыған байланысты биыл 21 ақпан-9 наурыз аралығында көлік қозғалысы екі бағытта да шектеледі.

# ҚОЗҒАЛЫС УАҚЫТША ШЕКТЕЛЕДІ

Іргелес учаскелерде тиісті жол белгілері орнатылып, бағдаршамдардың жұмыс режимдеріне түзетулер енгізілді. Қосымша ақпараттық белгілер орнатылды. Баламалы бағыттар – Ш.Айтматов көшесі мен Қабанбай батыр даңғылы. Аталған уақытта кептелісті азайту үшін Қабанбай батыр даңғылындағы автобус жолақтарымен жүруге уақытша рұқсат етіледі. Олар бойынша қозғалыс бұзылысын тіркеу өшіріледі. №26, 27, 40 қалалық автобустардың бағыты өзгерді. Жол қауіпсіздігі мақсатында Полиция департаменті жүргізушілерге өте мұқият болып, маршрутты алдын ала жоспарлау қажет екенін ескертеді. Жаяу жүргіншілер де сақ болуы керек.

# АЛТЫН ДІҢГЕК – ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ




## ТҮЙТКІЛДЕР ДЕ ЖОҚ ЕМЕС...

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев былтырғы Жолдауында осы бағытқа ерекше мән беріп, демографиялық тұрғыдан орнықты даму ең өзекті мәселеге айналғанын атап өткен еді. Сол кезде Мемлекет басшысы Үкіметке қазіргі демографиялық ахуалды еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолында тиімді пайдалану жөнінде нақты міндеттер жүктеді.

Жалпы, қазір Қазақстанда халық санының өсу қарқыны көңіл қуантады. Былтыр қараша айында елімізде халық саны 20 миллионға жеткені белгілі. Шын мәнінде, демографиялық өсу – елдің бәсекеге қабілетін арттырудың негізгі тетігі. Осыған орай, Президентіміздің тапсырмаларын орындау аясында Көші-қон саясаты және Ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамалары қабылданды. Бұл құжаттар еңбек мобильділігін дамытуға, сапалы инфрақұрылымды қалыптастыруға және азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталып отыр. Сондай-ақ 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының жобасына да бірқатар нақты шара енгізілді. Енді мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі аясында олардың сапалы іске асырылуын қамтамасыз ету қажет.

Қарқынды демографиялық өсу әлеуеті зор мүмкіндіктерге жол ашады. Сондай-ақ мұндай үрдістен туындайтын түйткілдерді де естен шығармауымыз керек. Салыстырмалы түрде алғанда, біз жас ұлтпыз. Елімізде халық санының үштен бірін жастар құрайды. Орташа жас деңгейі – 32 жас. Қазіргі таңда мемлекет бала тууды ынталандыруға арналған әлеуметтік міндеттемелерді жоспарлы түрде іске асырып келеді. Көпбалалы отбасыларға ай сайынғы жәрдемақылар мен арнайы жәрдемақылар да төленеді.

Президентіміздің тапсырмасы бойынша биыл «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске аса бастады. Халық саны өскен сайын тиісті деңгейде орта және жоғары білім беру, сондай-ақ, медицина жүйесін дамыту қажет екені түсінікті. Уақыт өткен сайын біздің азаматтардың өмір сүру ұзақтығы да артып келеді. Бұл да оң үрдістердің бірі.

Ұлттық статистика деректеріне сәйкес, 1991 жылдан бастап өмір сүру ұзақтығы 6,8 жылға артқан. 2022 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 74,4 жасты құрады. Осындай өзгерістер еліміздегі зейнетақы жүйесіне, жалпы, әлеуметтік қамсыздандыру саласына да әсер ететіні анық.

Демографияға қатысты тағы бір маңызды үрдіс урбанизация екені белгілі. Ұлттық статистиканың мәліметтері бойынша қазірдің өзінде қала халқының үлесі 62 пайызға жеткен. Алайда Қазақстандағы урбанизация деңгейі жан басына шаққандағы кіріс көлемі ұқсас елдерден шамамен 10 пайызға қалып келеді.

> Бүгінде оңтүстік, батыс аймақтарда және мегаполистерде халық саны айтарлықтай өсіп келе жатыр. Ал солтүстік аймақтарда, керісінше, азаю үрдісі байқалады. Соңғы жылдардың ішінде Солтүстік Қазақстан (-22,43%), Павлодар (-5,76%) және Қостанай (-8,3%) облыстарында халық саны азайған

Біріккен Ұлттар Ұйымы орта мерзімді уақытта Орталық Азия өңірінде қала халқының өсуі жалғаса береді деп болжап отыр. Әрине, бұл үрдіс қалаларда жұмыспен қамтудың және баспананың қолжетімділігін қамтамасыз етудің өзектілігін арттыра түседі. Сонымен қатар ауылдық аумақтарды да дамытуды ұмытпауымыз керек. Ауылдарда адам санын сақтап қалу да стратегиялық мақсат.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы өзінің тиімділігін көрсетті. Шағын несиелердің арқасында ауылда 12 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Ауылдық жерлерде денсаулық сақтау саласын дамыту мәселесі де өте маңызды екені белгілі. Қазіргі таңда «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Алайда жекелеген өңірлерде қаражаттың уақытылы игерілмеу фактілері байқалады. Осыған байланысты Ұлттық жобаға, Ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасына және өңірлік дамудың басқа да жоспарларына енгізілген іс-шаралардың сапалы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету қажет. Кейбір өңірлерде әлеуметтік-демографиялық және экономикалық теңгерімсіздіктің сақталуын да сын-қатерлердің бірі ретінде атап өткен жөн.

Бүгінде оңтүстік, батыс аймақтарда және мегаполистерде халық саны айтарлықтай өсіп келе жатыр. Ал солтүстік аймақтарда, керісінше, азаю үрдісі байқалады. Соңғы жылдардың ішінде Солтүстік Қазақстан (-22,43%), Павлодар (-5,76%) және Қостанай (-8,3%) облыстарында халық саны азайған. Бұл ретте оңтүстіктен солтүстікке ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасы күтілген нәтижені бермегенін мойындауымыз керек.

Сенатта қаралып жатқан Көші-қон туралы жаңа заң еңбек ресурстарының мобильділігін арттыру үшін жаңа ынталандыру шараларын қарастырады деп сенеміз. Сонымен қатар осы бағытта басқа да іс-шараларды жүзеге асыруымыз қажет. Сондай-ақ демографиялық жағдайды ескере отырып, әлеуметтік, транспорттық және инженерлік инфрақұрылымның да тиісті деңгейде дамуын қамтамасыз ету керек. Сонымен қатар азаматтарымыздың жан-жақты дамуы үшін сапалы экологиялық орта қалыптастыру да маңызды іс.

Қазіргі таңда еліміздің демографиялық дамуына байланысты осындай мәселелер бойынша тиімді ведомствоаралық іс-қимылды арттыру қажеттілігі туындап отыр. Бұл бағытта проблемалар да жоқ емес. Жалпы, елдің теңгерімді демографиялық дамуы – бәсекеге қабілеттілік факторларының бірі. Әділетті Қазақстан құру, ең алдымен, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Еліміздің демографиялық саясатының басты мақсаты да осы. Сондықтан осы жолда бәріміз бірлесіп, дәйекті түрде жұмыс істеуіміз керек.

**Мәулен ӘШІМБАЕВ,**
**Сенат төрағасы**

## МЕМЛЕКЕТТІК СТРАТЕГИЯ ӘЗІРЛЕУ КЕРЕК

Денсаулық сақтау саласындағы өзгерістер туу деңгейі мен өмір сүру ұзақтығының өсуіне ықпал етті. Ана мен баланы қолдаудың біртұтас әлеуметтік жүйесі де өз жемісін берді. Яғни балабақшамен қамтамасыз ету, жұмыс істейтін аналарға қарастырылған жеңілдіктер, сондай-ақ бала дүниеге келгеннен бастап кәмелетке толғанға дейін берілетін мемлекеттік төлемақылар елімізде көпбалалы отбасылар санының өсуіне алып келді.

Жыл сайын мемлекеттік бюджеттен жәрдемақы алатын балалардың саны артып келеді. Былтыр отбасыларды қолдауға мемлекет бюджетінен 1 трлн теңге қаражат жұмсалды.

Жүргізілген реформалар мен атқарылған шаралардың нәтижесінде Қазақстан халқының саны 20 млн-ға жетті. Халқымыздың 30 пайызы – балалар, 58 пайызы – жұмыс жасындағы азаматтар, ал 11 пайызы – қарттар. Бұл өз кезегінде өте жақсы көрсеткіш екенін атап өткен жөн. Биыл ауылдарда алғашқы көмек жасайтын 655 медициналық ұйым құрылады.

Білім сапасын көтеру мақсатында бұл салаға қарастырылған қаражат былтыр 5,5 трлн теңгеге жетіп, жалпы ішкі өнімнің 4,6 пайызына тең болды. Саланың инфрақұрылымын кеңейту және заманауи білім ошақтарының жүйесін қалыптастыру мақсатында Үкімет «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыруды бастады. Биыл және келер жылы 369 мектепті тапсырамыз.

Демографиялық саясатқа қатысты тиісті стратегияны әзірлеу керек. Оңтүстік өңірлерде халық тығыз орналасса, ал солтүстікте тұрғындар саны аз. Сарапшылардың есептеуіне сүйенсек, 2050 жылға қарай оңтүстік өңірлерде халықтың 50 пайызы тұрады. Ал солтүстік өңірлерде бұл көрсеткіш төмен. Сондықтан демографиялық саясатты басқарудың орта және ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегиясын әзірлеу уақыты жеткен сияқты. Бүгінгі талқылаудан кейін осы мәселені қарастыруға қатысты ұсыныс жасау керек болады.

**Тамара ДҮЙСЕНОВА,**
**Премьер-министрдің орынбасары**

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға, білім беру жүйесін, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, отбасы институтын нығайту, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау саласын жақсартуға бағытталған кешенді жұмыстарды жүзеге асыруда. Сондай-ақ мемлекеттің демографиялық дамуына әсер ететін ана мен бала өлімін азайту, отбасын қолдау, ажырасудың алдын алу секілді мәселелер ұлттық комиссияның ерекше бақылауында.

## ОТБАСЫ – ОТАН ТІРЕГІ

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда неке саны 5,9%-ға, ал ажырасу 5,3%-ға азайған. Ажырасудың негізгі себептері – алкоголизм, ерлі-зайыптының біреуінің нашақорлығы – 61,7%, тұрмыстық зорлық-зомбылық – 51,1%, опасыздық – 47%, лудомания – 38,4%. Зерттеулерге сәйкес, қазақстандықтардың 20%-ы үшін ажырасудың негізгі себебі – бала сүйе алмау, әрбір алтыншы отбасы мұндай жағдайға тап болады екен.

Ұлттық комиссия балалар мен жастарды рухани-адамгершілік құндылықтарына тәрбиелеу мәселелері бойынша ведомствоаралық байланысты қамтамасыз етеді. Сауалнамаға сүйенсек, қазақстандық отбасындағы бала тәрбиелеудегі басты құндылықтар – еңбексүйгіштік (33,8%), өзін-өзі құрметтеу (31,8%), адалдық (31,7%), үлкенге құрмет (25,3%), айналасындағыларға құрмет (16,6%).

Отбасы – мемлекеттің тірегі, қоғамның негізгі әлеуметтік институты. Адам өміріндегі ең маңызды дүние – отбасы. Өскелең ұрпақ өмірлік құндылықтарды өз отбасынан сіңіріп өседі. Отбасы институты мен дәстүрлі отбасы құндылықтарын нығайту – мемлекеттік отбасы саясатының идеологиялық негізі. Барша отбасы өзін әлеуметтік тұрғыдан қауіпсіз әрі жайлы сезінуі өте маңызды. Осы мақсатта Президент тапсырмасымен 2022 жылы Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы жаңартылды. Индикаторларға әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерінің азаюы және неке мен ажырасудың үлес салмағы сияқты көрсеткіштер кіреді.

> Ұлттық комиссия балалар мен жастарды рухани-адамгершілік құндылықтарына тәрбиелеу мәселелері бойынша ведомствоаралық байланысты қамтамасыз етеді. Сауалнамаға сүйенсек, қазақстандық отбасындағы бала тәрбиелеудегі басты құндылықтар – еңбексүйгіштік (33,8%), өзін-өзі құрметтеу (31,8%), адалдық (31,7%), үлкенге құрмет (25,3%), айналасындағыларға құрмет (16,6%)

Барлық өңірде консультациялық, құқықтық және психологиялық көмек көрсететін отбасын қолдау орталықтары ашылды. 3 жасқа дейінгі баласы бар ата-аналар үшін толық емес жұмыс күнімен жұмыс істеу мүмкіндігі қарастырылған. 2020 жылдың қаңтар айынан бастап көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы отбасындағы бала санына қарай сараланған мөлшерде енгізілді. Осы және басқа да шаралар отбасының дербес дамуы мен отбасының қиын өмірлік жағдайлардан шығу мүмкіндіктерін арттыруға ықпал етеді.

Бүгінде еліміздегі бірде-бір университет демограф мамандар дайындамайды. Қазір комиссия мүшелері ұлттық университет базасында, шетелдік мықты ғылыми орталықтармен бірлесе отырып, «демография» мамандығы бойынша магистратура ғылыми дәрежесін оқыту мәселесін қарастыруда. Әрі қарай Ғылым және жоғары білім министрлігі бұл саланы өңірлік жоғары оқу орындарының базасында дамытуы керек. Себебі демография саласында сапалы мамандар даярлау – еліміздің демографиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды шартының бірі.

Еліміздегі әр аймақтың өзіндік ерекшелігі бар екені белгілі. Осыған байланысты мемлекеттің демографиялық саясатының міндеті – халық процестерінің дамуын поляризациялауды барынша азайту. «Демографиялық әткеншектерді» теңестіруге қолайлы жағдай жасау маңызды. Осыған орай, өңірлердің бюджетін бекіту кезінде аймақтың демографиялық құрамдас бөлігін ескеру керек. Аймақтың ерекшелігіне байланысты демографиялық бағдарламаларды мақсатты қаржыландыруға болады.

Қазіргі кезде демографиялық дамудың болашағы туралы нақты тұжырым жасайтын уақыт келді деп ойлаймын. Ол үшін демографиялық даму мәселелері бойынша уәкілетті органды анықтау керек. Сондай-ақ Ұлттық комиссия ҚР Ұлттық экономика министрлігі мен Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесе отырып, Қазақстанның тұрақты демографиялық дамуының жеке бағдарламасын дайындайтын кез келді. Бүгінде еліміздің демографиялық дамуы құқықтық құжаттарда толық көрсетілмеген. Қазақстанның жүйелі демографиялық саясатын әзірлеу және оны жүзеге асыру – уақыт талабына сай туындаған қажеттілік.

**Аида БАЛАЕВА,**
**ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасы**

# ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?



Қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәслихат депутаттарының кезекті отырысын өткізді. Онда Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының 2023 жылы атқарылған жұмыстарының есебі тыңдалып, 2024 жылға арналған жоспарлары талқыланды.

Жиында Астана қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Асхат Қарағойшин алдымен осы салада атқарылып жатқан жұмыстарға тоқтала келе, Тәуелсіздік даңғылы бойында көпір салу, Ш.Айтматов және Т.Рысқұлов көшелерін кеңейту, сондай-ақ BINOM мектептеріне баратын арнайы трассалар мен жолдарды қоса алғанда, аяқталған жобалар туралы баяндады. Бұл ретте ол балалардың қауіпсіздігіне, әсіресе «Сан-Сити» ТК ауданындағы мектепке баратын жолдарды ұйымдастыруға ерекше назар аударылатынын, бүгінгі таңда тұрғын алаптарда 7 жоба аяқталып, 40 жылы аялдама орнатылып, аудан әкімдіктерімен оларды біріктірудің келісілгенін атап өтті. Одан әрі басқарма басшысы жиынға қатысушыларды 2024 жылға жоспарланған жобалармен таныстырды.

– Тәуелсіздік даңғылы бойындағы көпірдің айналасын абаттандыру, жаңа көшелер салу, Кенесары көшесіндегі Есіл өзені арқылы өтетін көпір, ҚазГЗУ жоғары оқу орнының ауданында және көлік айырығы бойынша жұмыстар жалғасады. Жаңа жобалардың ішінде ең маңызды нысандардың бірі – Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының инфрақұрылымы, Ильинкадағы жобалар. Сондай-ақ биыл Интернациональный, Тельман, Комсомольский, Мичурин тұрғын алаптары мен Оңтүстік-шығыс шағын ауданының сол жағын дамыту бойынша жұмыстарды жалғастырамыз және автоматтандырылған өлшеу жүйесін орнатуды аяқтаймыз, – деді Асхат Қарағойшин.

Жиын барысында халық қалаулылары көлік бақылау бекеттерінде өлшеу рәсімінің тетігі, 3-4 жыл бұрын басталған Оңтүстік-шығыс ауданындағы көшелердің құрылысын аяқтау туралы өз пікірін білдірді. №15 округте тоқтап тұрған жобалар туралы өтініштер енгізілді, соның салдарынан ауданда көлік жүрмейді. Агрогородок көшелерін, аяқталмаған Ақан сері көшесін абаттандыру туралы мәселе көтеріліп, Сарыарқа даңғылын ескі вокзалға қарай жалғастыру ұсынылды. Сондай-ақ олар қатты жел кезінде қауіп төндіруі мүмкін ілулі бағдаршамдар мәселесіне назар аударды.

Депутаттардың бірі Мұғалжар магистралды көшесінде шұғыл жөндеу қажеттігін атап өтті. Ескі және жаңа Ильинка қиылысында, Үркерде апаттар жиілеп кеткенін, бұл да басқарудың назарын талап ететінін жеткізді. Сонымен бірге қаладағы кейбір көшелерді жарықтандыру мәселесі де сөз болды. Бұл мәселе алдағы отырыстардың бірінде егжей-тегжейлі қаралады.

Отырысты қорытындылай келе, мәслихат төрағасы депутаттардың инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне көп көңіл бөлетінін атап өтті. Отырыстар барысында 75 ескерту айтылған, оның 36-сы әлі орындалған жоқ. Соңғы аялдамалар мен бұрылыс алаңдары туралы мәселе бірнеше рет көтерілген, олар барлығы 67, оның 46-сы нашар жағдайда. Өткен жылмен салыстырғанда электрлі автокөлік санының өсуі байқалады, алайда қалада көліктің осы түріне қызмет көрсету үшін инфрақұрылым дамымаған. Сондай-ақ мәслихат төрағасы әлеуметтік нысандарды ыңғайлы кірме жолдармен, оның ішінде жылы аялдамалармен қамтамасыз ету мәселесін көтерді.

– Логистика пысықталмаған, мұндай нысандардың жанында апаттар жиі орын алады. «Жайлы мектеп» жобасын жүзеге асыру барысында қазірден бастап кірме жолдар мәселесін қарастыру қажет, өйткені оның шарты бар – кірме жолдар төрт жағынан болуы керек. Сонымен қатар көбінесе ретсіз орналасқан жол белгілері мәселесін шешу керек. Бір бағдаршам объектісінің құны – 50 млн теңге, қиылыстарда бірнеше бағдаршам орналасқан фактілер де бар, – деді Ерлан Каналимов.

Бетті дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**



# ЖЫЛУ ТҰТЫНУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласы Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасында көппәтерлі тұрғын үйлердің жылуды тұтыну мәселелеріне қатысты дөңгелек үстел өтті. Елорда Астана қаласы мәслихатының депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының, Алматы, Байқоңыр, Есіл, Нұра, Сарыарқа аудандары әкім аппараттарының мамандары, «Астана-Теплотранзит» АҚ, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, қауымдастықтар мен сервистік компаниялардың басқарушылары қатысқан отырыста энергия тиімділігі мен жылудың біркелкі бөлінуін арттыру және жылыту шығынын азайту сынды өзекті мәселелер талқыланды.

Тұрғындарды толғандырған проблема бойынша дөңгелек үстел аясында көппәтерлі тұрғын үйлердің ішінде инженерлік жүйелерді қалай дұрыс пайдалану керектігі туралы өз ұсыныстарын білдірді. Сервистік компания басқарушысы Г.Әбдірова бүгінде жылыту маусымының аяқталуға жақын қалғанын айта келе, биылғы маусым аяқталысымен келер жылдың жылыту кезеңіне дайындық басталатынын, осыған орай, ең алдымен, қандай ережелер бойынша әрекет етуіміз керектігін түсіну үшін атқарылатын жұмысты нақты анықтап алудың маңызды екенін атап өтті.

– Қазіргі таңда коммуналдық төлемдер бойынша мәселе өте өткір тұр. Барлық жолақтағы сандар өскен. Әсіресе түбіртектегі «жылыту» деген сөздің бойындағы соманың соңғы айда шарықтағанына тұрғындар түсінбей қалды. Бұл ретте алдымен мәселенің анық-қанығына көз жеткізу керек деп ойлаймын. Шындығына келсек, қазіргі таңда біз осыдан 20-30 жыл бұрын қабылданған қағидалар бойынша өмір сүріп келеміз. Арада қаншама уақыт өтсе де, өткен шақта қалып қойғандаймыз. Бұл салада қордаланған мәселе көп. Қағазбастылықтан әлі де арыла алмай келеміз. Осының бәрінен шығудың бірден-бір жолы – сандық платформаларға көшу, қағазбастылықтан бас тарту және тұтынушы үшін ашықтықты арттыру, – деді Г.Әбдірова.

Бұдан әрі ол қаладағы көпқабатты тұрғын үйлерді қысқа дайындау кезінде әр қатысушының жауапкершілігін нақтылау және саралау қажеттігін, сондықтан аудан әкімдіктері, «Астана-Теплотранзит», сервистік компаниялар және меншік иелері бірлестіктерінің өкілдері өздерінің жұмыс учаскелері үшін тиісті дәрежеде жауап беруі керектігін алға тартты. Көптеген үй инженерлік желілер арқылы апатты жағдайда қабылданды, тіпті ескі жүйеде жұмыс істейтін үйлер бар, автоматика немесе жылу алмастырғыштар жоқ. Осыған орай, сервистік компания басқарушысы ескіден арылып, жаңа жүйеге – сандық платформаға көшетін уақыт келгенін атап өтті.

Сервистік компания өкілі Станислав Подолянюктің айтуынша, көппәтерлі тұрғын үйлерге қызмет көрсетуші компанияларға қойылатын талап өз деңгейінде емес.

– Бізге алдымен сервистік компанияларға қойылатын талапты күшейту қажет, олардың немқұрайдылығына байланысты жылу жеткізуші де, оны тұтынушы да, яғни біздің тұрғындар жиі зардап шегеді. Жылу инженерлері мамандарының құзыреті мен білімін қатаң тексеру керек. Біздің тұтынушылар қабілетсіз және сауатсыз инженерлерден зардап шекпеуі үшін сертификатталған мамандарды тарту, жалпы қызметкерлерді біліктілігі бойынша іріктеу ісіне ерекше мән берілуі тиіс. Сондай-ақ жылу пунктін беру тәжірибесін енгізу, яғни нысанды қабылдау кезінде толық тексеру жүргізу және қызмет көрсетуге қабылдау кезінде қорытынды жасау маңызды. Бүгінде бұл салада есеп жоқтың қасы. Сондықтан жылу пункттерін беру практикасын енгізе отырып, МИБ-тің төрағалары ауысқан кезде инженерлік желілердің жай-күйі туралы толық қорытынды беруді қолға алуымыз керек. Әрбір МИБ-те жылу шаруашылығын бақылайтын және үй инженерлерін жабдыққа жібермейтін жауапты маман болуы тиіс. Ал сервистік компания өз тұрғындарына адал қорытынды беруге, жоғары кернеулі шкафтарға және басқа жабдықтарға тиісті рұқсаттарға ие болуға міндетті, өйткені бұл бұзылған жағдайда тұтынушылар өз қаражатынан қалпына келтіреді, – деді сервистік компания өкілі.

ПИК төрағаларының көбінің техникалық білімі жоқ екенін жасырмаған сервистік компания өкілі керек кезде шаруашылыққа жауапты адамды таппай қалатынын айтты. Осыдан 30 жыл бұрын қабылданған құжатқа ешкімнің ешқандай шағымы жоқ, бірақ қазіргідей дамыған заманда уақыт көшінен қалмау қажет-ақ. Бұл ретте Станислав Подолянюк сандық платформаға жақындауды қолдайтынын жеткізді. Одан әрі «Астана-Теплотранзит» АҚ инженері Сергей Кодак сөз алып, жылу энергиясын шамадан тыс тұтынудың негізгі мәселелеріне тоқталды.

– Жылу энергиясын шамадан тыс тұтынудың үлкен проблемалары көбінесе жылу тұтыну жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуінен туындайды. Көпқабатты тұрғын үйлердің жоғары қабатында тұратындар көбіне қыс мезгілінде де терезелерін ашып қояды, ал төменгі қабаттағылар футболкамен жүре алмайтынын, пәтерлері үнемі салқын болғандықтан, жылы киініп жүруге мәжбүр екенін айтып жиі шағымданады. Осындай жағдай бізде көп кездеседі. Бұл дегеніміз жалпы үй жүйесі дұрыс жұмыс істемейді дегенмен саяды. Атап айтқанда, жылыту жүйесінің жұмысы теңгерімсіз, өйткені жылыту жүйесін іске қосу кезінде іске қосу-жөндеу жұмыстары уақытылы жүргізілмейді. Тек жылу тораптарын және жылу жүйелерін жуу, сығымдау ғана жүзеге асады. Жылыту жүйесінің жабдық элементтерінің дұрыс жұмыс істемеуі жалпы жылу энергиясының артық шығынын және соның салдарынан жылыту құнының қымбаттауына әкеледі. Тұрғын үйлердің ішіндегі жылудың біркелкі бөлінбеуі және инженерлік жүйелердің дұрыс жұмыс істемеуі тұтынушыларға қосымша жүктеме тудырады, – деді инженер.

Қалалық Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының өкілі Гүлвира Әбетованың мәліметінше, желтоқсан айында көппәтерлі тұрғын үйлерге жылуды бірдей тарату бойынша қанатқақты жоба басталды. Оған Ш.Иманбаева көшесіндегі 10 үй, М.Ғабдуллин көшесіндегі 12 үй және Есіл ауданындағы бірнеше үй таңдалып алынды. Қазір жобадан тек 1 үй сәтті өткен.

Дөңгелек үстел отырысы барысында қатысушылар жылыту маусымына дайындық паспортын алу қадамдарын цифрландыру және дайындық паспорты әр үй бойынша ескертулер мен бұзушылықтарды бақылау үшін тексеру актілерімен бірге еркін қолжетімді болуы керектігін еске салды. Сонымен бірге сервистік компаниялардың, аудан әкімдіктерінің, «Астана-Теплотранзит» және меншік иелері бірлестіктері жауапкершілігінің шекараларын нақты белгілеуді, журналдарда және атқарушы құжаттамада сервистік компаниялардың жұмысын бақылау және есепке алуды, жылу пункттеріне рұқсат беру бойынша біліктілік талаптарын қабылдауды дұрыс жолға қою керек. Тұтынушылар қалағаны қызмет көрсетушілердің сәйкестігін еркін таңдап, білуі үшін біліктілік талаптарына сәйкес келетін компаниялардың тізімін жасалса жөн болатынын сөз етті.

Тұтынушылардың көбі жылудың уақытылы берілуін ғана талап етеді, ал оны үнемдеу туралы ойлайтындар некенсаяқ. Бұл ретте тұрғын үйлер ішіндегі жылудың біркелкі бөлінбеуі және инженерлік жүйелердің дұрыс жұмыс істемеуі тұтынушыларға қосымша салмақ түсіріп, жылу шығындарын тудыратынын да естен шығармаған жөн.

Жиналғандар жылу бағасына қатысты басқа да ұсыныстарын ортаға салды. Олардың барлығы қалалық мәслихаттың қарауына жіберіледі.


*Фото интернеттен алынды*

# НАУРЫЗ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?

Наурыз – әлемдегі ең көне мейрамдардың бірі. Күн мен түн теңеліп, көктемнің лебі біліне бастаған мезгілде жасалатын бұл мейрам Орталық Азия халықтарының Жаңа жылының басы саналады. Бұл мереке қазақ жерінде сан ғасырлардан бері тойланып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатса да, Кеңес өкіметі «діни мейрам» деп 1926 жылы ресми түрде тойлауға тыйым салды. Тек 1988 жылы қайта жаңғырып, халық сүйікті мейрамымен қайта қауышты. Алайда біз наурызды қалай тойлап жүрміз? Наурызда ұлттық құндылықтарымыз толық дәріптеліп жатыр ма деген мәселелерге байланысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Наурыз мейрамының мазмұнын байыта түсетін тұжырымдама жасауды ұсынғаны мәлім. Жақында мәдениеттанушы, этнограф Серік Ерғали «Наурыз мейрамының тұжырымдамасын» жасап шықты. Бүгін осы тұжырымдаманы жұрт назарына ұсынып, көп талқысына салуды жөн санадық.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында және осы газетке 2024 жылғы 3 қаңтарда берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек!» сұхбатында жарияланған Наурыз мейрамының мазмұнын байыта түсетін тұжырымдама жасауды ұсынды.

2016 жылы Қазақстан Әзербайжан, Ауғанстан, Үндістан, Иран, Ирак, Қырғызстан, Пәкістан, Тәжікстан, Түркменстан, Түркия және Өзбекстанмен бірге көпұлтты номинация «Наурыз. Мерекелік дәстүр» ЮНЕСКО Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативті тізіміне енгізілді.

Наурыз – түркілік танымға сай жылдың жаңаруы, барлық істің бастауы. Табиғаттың жаңарып, тіршіліктің жанданып, ниеттің тазарып, жақсылықтың, ізгіліктің оянатын шағы. Сонымен бірге, түркілік таным бойынша 12 жылдық мүшелдік цикл басталатын күн Наурыз мейрамына сәйкес келеді.

Тарихы аса терең Наурыз мейрамы ұлттық құндылықтарымызды сақтап, ұлттық дәстүрімізді жаңғыртудың арқасында ғасырларды жалғап, ұрпақ пен салт-дәстүрдің сабақтастығы мен ұлттың жаңғыруын іске қосар қасиетті кодқа ие.

Шамамен 5000 жыл бұрынғы Алматының солтүстік-батысындағы 170 шақырым жердегі Аңырақай тауындағы Таңбалы таста қашалған ежелгі суреттер Наурыз мерекесімен мүшелдік жылды мерекелеу көрінісін бейнелейді.

Қазақстанда өмір сүріп жатқан жүзден аса өзге ұлт өкілдері Ұлыстың ұлы күнін қадір тұтып, жалпыхалықтық сипатта тойлап келеді. Наурыз мейрамының негізі мақсаты: ұлттық бірегейлікті сақтап, қазақ халқының мәдени өзгешелігін дәріптейді.

Мейрамның міндеттері:

- Қазақ халқының рухани құндылықтарын жалпықазақстандық ауқымға трансформациялау;
- жалпықазақстандық рухани құндылықтарды нығайтатын қазақ халқының салт-дәстүрлерін жаңғырту, ынтымақ-бірлікті арттыру;
- отбасы құндылықтары мен институтын күшейту;
- әлеуметтік әріптестік пен қайырымдылық жасау мәдениетін дамыту;
- этносаралық қатынастар мәдениетін дамыту, қоғамдағы достық пен сенімді нығайту;
- экологиялық мәдениет қалыптастыру және дамыту;
- жалпытүркілік құндылықтарды дәріптеу.

Наурыз – үйлесімнің, береке мен бірліктің мейрамы. Бұл – ұлттық бірегейлікті сақтау, прагматизмді қалыптастыру, сананың ашықтығын арттыру тұрғысынан маңызды мейрам.

Наурыз мейрамын тойлауға қатысты іс-шаралар 14-22 наурыз аралығында өткізіледі.

Мейрамдаудың мәні мен мазмұны:

**14 наурыз – «Шуақ күні» яғни мүшелдік жыл басы.** Бұл күн – мүшелдік жаңа жылдың кіретін күні. Жұлдыздық күнтізбе бойынша, Күннің Тоқты шоқжұлдызына таяп келуінен жыл маусымы ауысады. «Қамал» – тоқты шоқжұлдызының маңдайы дегенді білдірген. Қазақы мүшелдік жылдың алғашқы күні, 90 күн қыс мезгілі шығып, тоң кетеді. Тоңның орнын шуақ басатын күн. Қазақтың танымы бойынша бұл күн – көктемнің алғашқы күні. Бұл күннің негізгі ғұрпы – көрісу. Күннің шуағы жерді қыздырып, көктемнің алғашқы гүлі бәйшешек көктеп, жыл құсы «наурызек» көрінеді.

Бұл күні жұрт бір-бірін ұлыстың алғашқы күнімен құттықтап, төс қағыстырып сәлемдесіп, көрісу рәсімін жасайды. «Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!», «Ақ мол болсын!», «Ұлыс оң болсын!», «Жаңа жыл құтты болсын!» деген секілді сөздер арқылы жаңа жылдың келуімен құттықтап, арқа-жарқа болады. Бір-бірімен араздасқан адамдар өзара кешірім сұрайтын, арасы алыстаған ағайын жақындасатын күн. Алыста жүрген жандар қара шаңыраққа барып, ата-анасына сәлем беріп, ағайын-туыстың үйіне бас сұғады. Алыстағылар онлайн хабарласып, құтпарақпен құттықтасады. Ерлер әйелдерге бәйшешек гүлін сыйлайды.

Наурыз мейрамын тойлау аясында әр ұйымда, оқу орындарында Шуақ күні жұмыс басталардың алдында келушілерді қазақтың ұлттық аспаптарымен ән шырқап, ұлттық тағамдармен қарсы алу өткізіледі.

Радио мен телеарналарда шуақ пен күн сәулесі, күн мен гүлдер туралы әндер мен термелер шырқалады. Көшелерде бұл күні бәйшешек гүлінің бейнесі безендіріледі.

Сондай-ақ бұл күнде гүлдер жәрмеңкесі мен базарлар, айтыстар: жаз бен қыс айтысы, өлі мен тірі айтысы өтеді. Шуақ күніне арналған концерт: ескі жылмен қоштасу, жаңа жылмен қауышу – сахналық қойылымдар (шоу) қойылады.

**15 наурыз – «Жаңару күні».** Бұл күн, негізінен, рухани және тәндік/физикалық тазару күні болып саналады.

Бұқаралық деңгейде бұл күні адамдар үй-жайын, мекемелер кеңселерін тазартады. Алаңдарды сыпырып, қардан тазалап, бұлақтың көзін ашады. Адамдар ескі-құсқыдан құтылады. Қоқыстан тазарады. Реніштерін кешіріп, бір-бірін рухани жаңаруға шақырады. Сондай-ақ елді мекен аумағын көркейту-көгалдандыру үшін жалпыхалықтық сенбіліктер өткізіледі. Аулалар мен көшелерді, жолдарды қардан, ластан тазартуға жұртшылық жұмылдырылады. «Үздік ұйым ауласы», «Үздік мектеп ауласы» секілді байқаулар өткізу ұсынылады.

Үйді, киімді, көңілді жаңарту, хош иісті шөптермен, иіссулармен орынжайларды, бөлмелерді жұпарлайды. Волонтерлердің қатысуымен түрлі іс-шаралар өтеді. Ойын-сауық орталықтарында жаппай жеңілдіктер, науқандар жүреді.

**16 наурыз – «Жайнау күні».** Бұл күн айналаны толық көріктендіруге арналады. Әрбір отбасы мен мекемелер үйлерді, орынжайларды безендіреді. Наурыздың басты атрибуты жолтерек, алтыбақан үйге, алаңға, көшеге не аулаға орнатылады.

Жолтерек (ежелгі түркілік «йол» - «жол»: тілек жолы ұғымын білдіреді) – қазақ халқының танымы бойынша көк аспан мен жердің арасын байланыстырушы рухани мифологиялық жол. Таным бойынша бұл жолмен адамның тілегі Көкке жететін көрінеді. Аңызда оның басқаша атауы – бәйтерек. Төрге құрақ көрпе, алаша, сырмақ, текемет жайылады, кілем төселеді.

Көше, ауыл 7 түспен әшекейленеді. Автокөліктер мен автобустар безендіріледі. Зергерлер менісмерлердің, ұсталардың жәрмеңкесі өтеді. Қалаларда суретшілер мен қолөнер шеберлерінің көрмесі ашылады. Сурет, қолөнер, дизайн өнімдері бойынша аукцион/бәссауда ұйымдастырылады.

**17 наурыз – «Шаттық күні».** Бұл күні барлық жерде жарқын көңіл көтерерлік шаралар мен науқандар, концерттер өткізіледі. Басты шара күлдіргі, әзіл шараларына молынан жол беріледі. Әркім 7 адамды қуантуы тиіс деген насихат жүргізіледі. Аз қамтылған отбасыларды қолдауға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға, жоқ-жітімге, жарлы-жақыбайға қол ұшын беруге арналады. Дәулеті мүмкіншілік беретін адамдар әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға «Жүрек жылуы», «Наурыз дастарқан» ретінде азық-түлік үлестіреді. Халыққа шаттық, қуаныш сыйлайды.

Алдар көсе сағаты, өтірік айтыс, қылжақ айтыс, әзіл жәрмеңкесі, цирктердің өнері, Әзіл-сықақ театрлары өнер көресетеді.

**18 наурыз – «Береке күні».** Бұл күні ауылдар мен кенттерде, қалалардың алаңдары мен саябақтарында тегін көже ішкізу, бауырсақ тарату қолға алынады. Көже – молшылықтың, бауырсақ – бірлік пен бауырластықтың белгісі. Әр үй 7 адамға наурыз көже ішкізуі тиіс.

Бұл күні әр үйдің дастарқанында ұлттық тағамдар самсап тұрады. Қазақ ас мәзіріндегі көптеген тағам түрлері әзірленеді. Ал этнографтардың айтуынша, қазақта тағамның 200-ден аса түрі болған. Ұмыт бола бастаған, кең таралмаған тағамдарды жасаудың әдістері үйретіледі. Тағамдар шеруі өткізіліп, Наурыз көже мен бауырсақ алаңы ұйымдастырылуы қажет.

Наурыз айында мектеп, колледж және университет асханаларының ас мәзіріне ұлттық тағам Наурыз көжені, талқан, жент, ұлттық сусындарымыз – қымыз, саумал, шұбат және сүт өнімдерімізді енгізу қажет.

Қаладағы мейрамханаларда бірыңғай ұлттық ас мәзірінің тізімін құру және онлайн тапсырыс беру үрдісін қалыптастыру керек.

Алаңдар мен саябақтарда, сарайларда, көшелер мена ауылдарда түрлі тағамдар мен тамақтардың жәрмеңкесін өткізу, мейрамханалар мен дәмханаларда этнотағамдар сағаты ұйымдастырылады.

**19 наурыз – «Тағзым күні».** Бұл күн – қазақ танымындағы екі дүниенің (О дүние мен Бұ дүниенің) бір-біріне құрметтесуі, Рухани әлемге құрмет күні. Қайырым мен мейірім көрсету күні. Арнайы Құран оқу, еске алу рәсімі жасалып, халықтың амандығын тілейді. Алаңдарда жаппай шелпек тарату, шелпек пісірудің түрлері мен рецептері дәріптеледі.

Қарияларға «Белкөтерер» рәсімі жасалады. Наурыздық бата беру жарысы өтіп, қазақтың шүлен тарату, жылу жинау секілді қайырымдылық институттары насихатталады. Қазақ халқында қайырымдылық мен ұйымшылдықты таныту мақсатында «Асар» мен «Үме» салттарын қайта жаңғырту – өте маңызды іс.

Бұл күні жасы кішілер үлкендерге сәлем бере барып, ақсақалдардың батасын алады. Осыған байланысты, барлық білім беру ұйымдарында, сондай-ақ телеарналарда «Наурыз бата беру» шарасын ұйымдастыру ұсынылады. Бата беруді телешоу арқылы өткізуге болады.

**20 наурыз – «Өркен күні».** Өсу, өну, өркендеу, молаюдың басы болып саналады. Бұл күні адамдар үйлеріне, ауласына, тез көктейтін дақыл, гүл, ағаш өскіндетеді немесе егеді. Ата-әжелер немере-шөберелеріне сыйлық таратады. Ата-аналар балаларына жолдық сыйлайды, депозит ашады. Жолдық – наурызда берілетін сыйлық. Ұлға бәсіре, қызға жасау атау дәстүрі насихатталады. Перзентханалардағы ұл тапқан келіншекке «үлпершек» сыйлау, қыз тапқандарға бүйрек пісіріп береді, сырға-сақина тарту етеді, бесік және басқа лайық сыйлықтар сыйлау. Балаларға асық ату, ләңгі, тоғызқұмалақ, бестем, дойбы, арқан тартыс, қап киіп жарысу, жаяу тартыс, садақ ату, күрес, ақсерек пен көксерек т.б. спорттық ойындар ойнауына арнайы орындар жасалады.

Балаларға арналған шығармашылық ойындар: сюжетті рөлдік ойындар, театр ойыны, құрылыс ойыны, режиссерлік ойындар және ұлттық ойындар ұйымдастыру.

Ұлттық ойыншықтармен ұлттық кейіпкерлерді заманауи трендтер мен үздік тәжірибелерді қолдана отырып дайындау. Балалардың ойыншықтарын ұлттық нақышта жасап сату.

Жастар арасында «Asyk party», «Dombyra party», «Baursak party», этномузыка, ұлттық би кештерін заманауи форматта өткізу.

Ауылдар мен қалалар төлдер тойын өткізеді, балаларға арналған концерттер, аукциондар, конкурстар, шаралар ұйымдастырылады. Балаларға арналған шаралар, концерттер өтеді.

**21 наурыз – «Ұлы күн».** Күн мен түннің теңесер күні, ақ пен қараның үйлескен күні. Ғарыштық тепе-теңдік сәті. Бала-шағамен тәулік бойы мерекелеп, шаралар өткізіледі.

Наурыздама ұлттық спортқа арналады. Жер-жерлерде, ипподромдарда ересектерге арналған көкпар, бәйге, қыз қуу, жамбы ату, аударыспақ ұйымдастырылады. Ал балалардың асық ату, ләңгі, тоғызқұмалақ, дойбы, арқан тартыс, қап киіп жарысу, жаяу тартыс, садақ ату, күрес, ақсерек пен көксерек т.б. спорттық ойындар ойнауына арнайы орындар жасалады.

Сондай-ақ өзге де сайыстар, велошерулер, «Наурыз» сөзі жазылған автошерулерді де ұйымдастыруға болады. Қоғамдық көлік сыртына өзіміздің ұлттық ертегідегі қаһарман кейіпкерлер бейнеленген мультфильмдердің жарнамасын жарнамалауды қолға алу өте маңызды. Көлік сыртындағы жарнамалар арқылы балалар өз батырларымызды танитын болады. Осылайша автокөліктер мен автобустар безендіріледі.

Сахнада театрландырылған қойылымдар мен жергілікті қала, аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасы көпшілікке ұсынылып, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар және цирктердің көше қойылымдылық бағдарламасы ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, Наурыз мейрамының маңыздылығын арттыру мақсатында қызметкерлер мен жұмысшыларға материалдық және материалдық емес ынталандыру түрлерін қарастыру қажет. Мемлекеттік марапаттар табысталады. Сыйлық жасау мақсатында коммерциялық ұйымдардың арнайы «Nauryz сыйлық» әзірлеуін қамтамасыз етуі керек. Ол адамдардың қалтасына қарай әртүрлі бағада болғаны жөн. Ұлттық нақышта дизайны керемет құтпарақтары (открытка), әйелдерге арналған жібектен жасалған мойыншалғылар, орамалдар және т.б. сыйлықтар дайындау қажет.

Күні бойы болған мерекелік сауық-сайран, «Бастаңғы» – бас таңды қарсы алу шаралары, жастар таң атқанша алтыбақан айналасында сайран құрып, ерлер мен жігіттер «Селтеткізер» әзірлеп, қыз-келіншектер «Ұйқышар» дайындайды.

Бұл күні телеарналар түні бойы үзілместен таң атқанша сауық-сайран ұйымдастырады.

**22 наурыз – «Бастаңғы күні».** Қазақ халқының дәстүрінде таңды қарсы алу «Бастаңғы» ғұрпымен жүзеге асқан. Бұл күні жұрт таң атқанша ұйықтамастан, сағат 7:00-де Бас таңды қарсы алады. Таңмен таласа барлығы күн шапағын қарсы алатын телеарналарда 10 сағаттық «Бастаңғы» таңды қарсы алу шарасы өткізіледі. Жұрттың бәрі таңды қарсы алуға арнайы киім әзірлейді, костюм киеді. Ерте тұрып таңды қарсы алып, Жаратқанға құрмет көрсетеді. Ақ пен жарық мол болсын деп бір-бірін құттықтайды.

Осы сәтте, Президенттің құттықтауы (болмаса ежелгі сақ-ғұн дәстүрімен атқан таңды қарсы алу ғұрпын жасайды) телеарналардан, интернет кеңістікте беріледі және оны барлық халық тыңдауы үшін Наурызды мерекелеуге арналған алаңдарда LED экрандар орнатылуы тиіс.

Сақтар дәстүрімен қызыл мауыты киінген 360 балдырғанмен бас таңды қарсы алу шарасы өтіп, көшеде Наурыз шеру басталады. Жамбы ату жарысымен барлық спорт ойындары өтеді. Жалпыхалықтық тойлау жиындары Қыдыр атаның келіп, ізгі тілек айтып, ақ батасын беруімен басталуы керек.

№22 (4610) 22/02/2024 Бейсенбі




# ТІЛЕУКЕ САРДАР – ДАҢҚТЫ ТҰЛҒА

**Биыл – елімізде Тілеуке батырдың 330 жылдық мерейтойы. Тілеуке Төбетұлы – 1694-1754 жылдар аралығында өмір сүрген батыр, қолбасшы, тарихи тұлға. Тарихи деректерде және қазақ халқының ауызша тарих айту дәстүрімен жеткен шығармаларда батырдың жорық жолдары туралы мәліметтер бар. Тілеуке батыр тарихи деректерде Тілеуке, Тілеулі және Қарабатыр деп айтылып келген. Тарихи тұлға алып денелі, қараторы, келбеті сұсты және қаһарлы көрінуіне байланысты «Қарабатыр» атанып кеткен.**

Тілеуке жас кезінде елдің ортасында батырға тән бітім, болмысымен танылған. Бұрынғы қариялардан жеткен әңгімеге назар аударсақ, 1894 жылы туған, 90 жастағы Қыпшақалы Әлімбайұлы деген қария шежіре мен қисса-дастандарды жатқа айтатын болған. Оның айтуынша, Тілеуке Шаян өзенінің жоғары жағында Арыстанды өңірінде дүниеге келген. Қарияның айтуынша, Тілеуке жас күнінде жолбарыспен алысып, оны өлтірген екен. Ол уақытта батырдың өмір сүрген кезеңі жаугершілік заман еді.

Қазақ-қалмақ заманы салған салмақты көтере алатын халықтың ұлдары тарих сахнасынан осы тұста айрықша көріне бастаған. Бұқар жырында аталып, өсиет болып, кейінгі ұрпаққа өлмес аты қалған атақты адамдарды жырау: Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай деп басқа аттас адамдармен шатастырмасын дегендей тасқа қашап салған таңбадай ғып бүгінгі ұрпаққа жеткізген. Осы айтулы соғыстарға қарт жыраудың өзі де қатысып, Абылай ханның қасында болған. Бұл жөнінде ел аузында көп деректер сақталған.

Атақты Бұқар жырау қазақ-қалмақ шайқасына байланысты тағы бір жиырма сегізінші толғауында: «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Сіргелі қара Тілеуке, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, Құдаменді Дәулет қасында, Бақ дәулеті басында, Сеңгірбай мен Шойбек бар, Таңсық қожа, Мәмбет бар, Қасқарау Малдыбай, Қатардан жақсы қалдырмай, Айнақұл, Бәти ішінде, өңкей батыр жиылып, Абылай салды жарлықты» деп жырланған.

### «АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА»

Тілеукенің шын батырлығы қалмақ шапқыншылығы кезінде анық көзге түседі. 1723 жылы қалмақ билеушісі Цеван Рабтан бастаған қалың қол Қаратау күнгейіндегі Ұлы жүз қазақтарына лап қояды. Тілеуке сіргелі және ысты руларының қолын бастап, Бабата, Құмкент, Саудакент қалаларын қорғауға кіріседі. Бірақ күші басым жаудан қазақтар ығып, жеңіліске ұшырайды да, ата қоныстан ауа көшеді. Осы бір сүргінді қалмақтың қалың қолы Оңтүстікке басып кіріп, Қаратау асып жетті. Қалмақтар қарулы қолы қорғануға шамасы келмеген бейбіт елді шауып-жаншып, қырғындап, үй-мүлкін тонап, малын айдап әкетті. Тірі қалғандар ата мекені мен мал-мүлкін тастап қашуға мәжбүр болды. Осы кезде Бөген, Шаян бойындағы сіргелілер, қаңлы, шанышқылының негізгі тұрағынан ауа көшіп, өзбек жеріндегі Шыршық өзенінен әрі асып кетеді.

Ертеректе өмір сүрген сіргелі шежіресінің аса білгірі тоқсан жастағы Едігеұлы Ақылбек қарияның айтуынша, сол уақытта Тілеуке батыр Ташкент маңындағы жаудан ығысқан сіргелі, қоңырат, ысты, ошақты руларының басын қосып, қалмаққа қарсы қол жасақтапты. Тілеуке батырдың қару жасайтын ұсталық шеберлік өнері де болған. Мұнда оған қаңлының Сырлыбай, Қараманас, Шаншқылының Бердіқожа батырлары өз қолдарымен қосылады. Бұл уақытта қалмақтар Сайрам, Шыназ, Ташкент қалаларын басып алып, уақытша билік жүргізген. Кейіннен бұл өлкеден қалмақтарды қуып шығуға Тілеуке батыр көп еңбек сіңірген екен.

### АҢЫРАҚАЙ ШАЙҚАСЫ

1729 жылы Аңырақай шайқасы өткен аймақ Аңырақай таулары, Ақсүйек сайы, Хантау шоқылары орналасқан жерден Алматы бағытында 200 шақырымға созылған кең далада өткен. Ол жерде «Үлкен Орда қонған», «Сұмқайтты» деген жерлер бар. Аңырақайдағы шайқасқа Әбілқайыр хан басшылық етті. Шайқастың сәтті басталуы қазақ жауынгерлерін жеңіске жігерлендіретіндігі күмәнсіз. Сөйтіп, олар жеңіп шықты. Асқақ рух сезімімен қанат біткен олар өздерінің ерлігін, ержүректігін, тастүйін бірлігін және жоғары әскери машықтанғандығын танытты. Әбілқайыр ханның өзі мен оның серіктерінің ең жақсы қасиеттері осы шайқаста көрінді. Аңырақай шайқасында жеке ерлігін және ұйымдастырушылық қабілетін көрсеткендер арасында көптеген батырлар, билер, сұлтандар, рубасылары, барлық үш жүздің өкілдері болды.

Қалмақ басқыншылығына қарсы қазақ халқы Отан соғысының жеңіспен аяқталуында Аңырақай шайқасы аса көрнекті рөл атқарды. Ол туралы қазақтардың дәстүрлі ауыз әдебиетінде айтылады, сондай-ақ оған М.Тынышбаевтың еңбегі және басқа да бірқатар жанама деректемелер арналған.

Осы аталған Аңырақай шайқасы туралы Ж.Қ.Қасымбаев: «Тек соңғы жылдардағы ізденістер негізінде осы бір қоныстың қазақтың атақты батыры Бөлекпен жекпе-жекте жер жастанған ойраттың Аңыра атты батырының есімімен байланыстылығы айқындалды. Бұған күмәнданатын негіз жоқ. Қаскелең, Боралдай, Шарын өзені және тағы басқа қоныстар ойрат есімдерімен аталғаны белгілі» деп жазды.

Аңырақай шайқасына Үш жүздің батырлары қатысқан. Солардың ішінде көзге түскен үлкен қолбасшылардан Бұқар жыраудың жырында: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Сіргелі қара Тілеуке, Қарақалпақ Құлашбек, Шапырашты Наурызбай және тағы басқа батырлардың есімдері аталған.

### АБЫЛАЙ ЖАСАҒЫНЫҢ ҚОЛБАСШЫСЫ

1740 жылы тамыз айының соңында Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан Орта жүздің атынан ант беру үшін Ор бекінісіндегі Патшалық Ресей империясының кездесуге арнайы жіберген адамдарымен жолығуға барады. Бұл мемлекет аралық үлкен оқиға болған. Дәл осы уақытта Қазақ хандығына Жоңғар хандығынан өте күшті қауіп төнген. 1739-1741 жылдар арасында үлкен шайқастар басталып кеткен. Ташкентте отырған Қалдан Церен үш түмен әскер шығарып, үш бағытта жорыққа аттандырған. Ертісті бойлап солтүстіктен – Септен ноян, Сырдарияның бойымен – Сары-Манжа ноян және Қаратау ішімен Арқаға тік жол тартып шыққан Лама-Доржы әскері болды. Осындай қиын жағдайда екі жақтан қыспаққа түсіп қалып, мемлекеттілікті жойып алмау үшін қазақ елінің басқарушы элитасы арыдан ойлап, байсалды және сарабдал саясат жүргізді.

Міне, осы жаугершілік заманда қазақ халқын басқарушы ел ағалары «Хан кеңесінде» алдағы жоспарды дұрыс құрған сияқты. Осы кезде елді сыртқы жаудан қорғайтын – Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Бердіқожа және тағы басқа қолбасшылар Жоңғарияның жойқын жорықтарына қарсы күресте халықты қорғаумен жүрді. Ал мәмілегерлік келісімде Шақшақ Жәнібек екі елдің басшыларын жолықтыруды реттеген. Бұл сапарда Әбілмәмбет ханның қорғаушы жасағын Нияз батыр бастап барса, Абылай сұлтанның қорғаушы жасағына Тілеуке батыр қолбасшылық жасап барған. Осы кездесуде Ресей империясы тарапынан генерал-лейтенант В.Урусов өз нөкерлерімен келген. Олармен жолыққан кезде бейбіт келісім, екі ел тұтқын адамдарды алмасу, керуендерді өткізу, көрші елмен татулық туралы келісім болып, Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан ант берген. Осы барған қазақ делегациясын орыстар сән салтанатымен қарсы алып, олардың құрметіне бірнеше мәрте зеңбіректен оқ атқызған. Хан мен сұлтанға арнайы шатыр тігіп, мал сойдырып қонақ ретінде күткен. Кездесудің соңында генерал-лейтенант В.Урусов өз қолынан Нияз батырға күмістелген қылыш, Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтан, Жәнібек батыр және Тілеуке батырларға бірдей темір сауыт сыйға берген. Бұл көрші мемлекет тарапынан үлкен сенім мен құрмет белгісі болған.

> “Қазақ-қалмақ заманы салған салмақты көтере алатын халықтың ұлдары тарих сахнасынан осы тұста айрықша көріне бастаған. Бұқар жырында аталып, өсиет болып, кейінгі ұрпаққа өлмес аты қалған атақты адамдарды жырау: Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай деп басқа аттас адамдармен шатастырмасын дегендей тасқа қашап салған таңбадай ғып бүгінгі ұрпаққа жеткізген. Осы айтулы соғыстарға қарт жыраудың өзі де қатысып, Абылай ханның қасында болған

### ТАШКЕНТ ҮШІН ТАРТЫС

1739 жылы Ұлы жүз ханы Жолбарыс өлгеннен кейін, Ташкенттегі билік 1749 жылға дейін толығымен Төле бидің қолына көшеді. Қазақ халқының Жетісу мен Сыр бойын өзінен қуатты жаудан біржола азат етуге әлі де даяр емес екендігін түсінген Төле би қалмақтармен күш жинап алғанға дейін бейбіт қатынаста болуға тырысып, олардың талап еткен салығын өтеп отырады, сондай-ақ қалмақ билеушілеріне өз ұлы Жоланды аманатқа жібереді. Жолан қалмақ ханы қолында екі мәрте, он төрт жыл жылға жуық уақыт болған.

1744-1745 жылдары Қойгелді батыр, ру басшылары Тоқсанбай, Мәлік, Кетендердің басшылығымен наразы халық Қалдан Цереннің Шымкент жанында орда тіккен өкілі Баршаханды, оның көмекшісі Саңғалды өлтіреді. Бұл жағдай қалмақ ханының Ұлы жүз қазақтарына жазалау мақсатында шабуыл жасау қаупін туғызды. Бірақ, ханның көп ұзамай 1745 жылы қайтыс болуы, оның артын ала қалмақ хандығында басталған бұлғақ кезең бұл жоспарды іске асырмай тастады. Міне, осы аталған Ташкент қаласы үшін тартыста Төле би, Тілеуке батыр, Бердіқожа батыр және тағы басқа батырлар бірлесіп күрескен.

Ташкент жерінде Төле би билік жүргізген кезеңде Тілеуке батыр елді ұйымдастырып қорған тұрғызғандығы туралы дерек бұрынғы қариялардан жеткен. Ол қорған атауы кезінде «Сіргелі қорғаны» аталған екен. Тарихи орынның атауы осы күнге дейін жалғасып, Ташкент қаласында Сіргелі  аталатын аумақ бар.

### ОҢТҮСТІК ӨҢІРДІ АЗАТ ЕТУ

1745 жылы Қалдан Церен қайтыс болғаннан кейін таққа оның он үш жасар ортаншы ұлы Цеван Доржы отырды. Оның билік еткен тұсында қысқа мерзім Жоңғарияның ішкі істерінде жөнсіздіктерге жол беріліп, жазықсыз өлім жазасына кесу, қатал тәртіп орын алған және экономикалық құлдырауды көздеген саяси бөлшектену басталды.

Қалмақтарды қазақ жерінің Отырар, Шымкент, Түркістан, Сайрам аймағынан қуып шығу кезінде қазақ әскерлері қаһармандық жанқиярлық ерліктер көрсетті. Қаратаудағы Теректі алқабында, Боралдайдың саласы бойында, Садыр қамалған бұлақ деген жерлерде қалмақтардың қалың қолын Үлкентұз тауына қуып тығып талқандады. Сөйтіп Қаратау қазақтардың жеңілістерінің ғана емес, сонымен бірге өз жерін азат етудегі жарқын табыстарының да куәсі болды.

Осы уақытта Абылай Үш жүздің басын біріктіріп, қалмақтардың қол астында қалған қазақ жерлерін азат ету мақсатымен Орта жүз жерінде Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Ер Жәнібек, Көкжарлы Барақ және тағы басқа батырларды топтастырып қол жинады. Алдымен ұзақ жылдар бойы Жоңғар хандығына бодан болып келген Ұлы жүз жерлерін Жетісу, Сыр бойындағы қалалар, Талас, Шу өңірін азат етуді көздейді.

Жоңғария билеушісі Цеван Доржы таққа отырысымен қазаққа қарсы қалың қолды бастап, жорыққа өзі шығады. Адам айтқысыз екі жақтан да қызыл қан судай ағады, ұзаққа созылған қатты ұрыстан соң Қабанбай қолы Жаңақорғанды, Шымкентті, Бөгенбай қолы Сайрам мен Созақты, Баян мен Жәнібек қолдары Талас өзенінің бойы мен Қарақалпақ жерінен жауды қуып шығады.

Абылай сұлтан басшылық еткен, Қаракерей Қабанбай бастаған қалың қол, Ұлы жүз жасақтарының қолбасшысы Шапырашты Наурызбай батырмен бірге одақтаса отырып, 1751 жылдың күзінде қоқандықтардан Ташкент, Сайрам, Созақ қалаларын азат етеді.

XVIII ғасырдың бас кезінде Орталық Азияның бір кездегі қуатты көшпелі мемлекеті болып есептелген Жоңғар хандығының әлсіреуі мен құлдырауының күшейе түскен кезі еді. Қабанбай батыр 1751 жылы Сыр бойы, Шымкент, Сайрам, Ташкент қалаларын қалмақтардан тазартып, Төле бидің билікке келуіне көмектесті.

### ЖЕТІСУ ЖЕРІНДЕГІ ЖОРЫҚТАР

Жетісуды азат ету шайқасында көмек күткен патша әскері келмеді. Сондықтан, Ұлы жүздің батырлары кеңесіп, әлі де біздің қазақ шамасы келсе қарап отырмаған. Қалмақтар мен қазақ арасында шайқастар Үшқоңыр, Алматы, Көкпек, Ойрантөбе, Қарқара, Жаркент және Сүмбе жеріне дейін бірнеше шайқастар өткен. Себебі атақты Жаркент, Көкталдағы қорғандарда торғауыттардың тобы, кешегі Қонтайшының ескі қазынасы, соғыс құралдары бар мен жауынгерлері орналасқан бекіністер талқандалып, қамалдары алынды.

Райымбек батыр туралы деректер жинаған шежіреші Қабылбек Сауранбаев ақсақал кезінде батырлардың ұрпақтарынан 30 адаммен сөйлесіп, көнекөз қариялардан шайқастар туралы деректер жазып алған екен. Қолжазбаға назар аударсақ, бұл шайқасқа Ұлы жүзден бір жүз он батыр қатысты деген факті келтіреді. Олардың қатарында: Қангелді батыр, Қапай батыр, Сатай батыр, Бөлек батыр, Ырыскелді батыр, Аралбай батыр, Бердіқожа батыр, Ердес батыр, Тілеуке батыр, Барақ батыр, Бақай батыр, Биеке батыр, Райымбек батыр. Бұлардың арасында жүздік, елулік батыр, отыздық батырлар да болған.

Жетісуда Райымбектің жорығына байланысты деректерге назар аударсақ, Түргенді Райымбек бастаған қол, Шелекті, Суықтоғайды Бақай батыр, шанышқылы Қожамберді батыр, Барақ батыр, Ердес батыр бастаған қол, Алматыны, Іле бойын Сатай батыр, Ырыскелді батыр, Өтеп батыр, Ақбас батыр, Тілеуке батыр бастаған қол жаудан тазалады. Қалмақ қолындағы қазақ тұтқындары босатылды. Қалмақ қорғанын алуда қазақ жауынгерлерінен де көп адам шығын болған. Атақты батырлары қаза тапқандары болған. Батырлардан көп жаралы болған. Райымбек батыр, Бақай батыр, Ердес батыр, Тілеуке батыр сияқты батырлар жаралы болған.

Райымбек батырдың екінші жорығы Суықтоғайдан босатылған жоңғар қолдарына шабуыл, Жіңішкеде, Таушілікте, Қарабұлақта, Жалағашта, Үш Меркіде, Кеңсуда, Көктөбеде, Үш Қарқарада жалғасып, қазақтардың толық жеңісімен аяқталады.

Жетісу жеріндегі жорықта Жаркент, Көкталдағы торғауыт-қалмақтар Тарбағатай, Шәуешектегі жоңғарларға болысып, Орта жүз Қабанбай қолына қарсы аттанбақ екен деген хабарды естіген Райымбек: «Біздің Ұлы жүз жабағы тайды жауға мінуден құтылды. Қарағайдан найза ұстаудан кетті. Мінгеніміз тұлпар болды. Соғыс құралдарымыз жетерлік, соғыс әдісін игердік, жас батыр, жаңа бауырлар көбейді. Енді осы тобымыз тарамай тұрып Қабанбай батырға елші жіберіп, хабарын алайық» деген ойды айтады.

Осы кезде Қабанбай батырдан Тарбағатай мен Шәуешек арасын жауып, жауды өзара қатынасыруға мүмкіндік бермеу туралы ұсыныс келіп жетеді. Сөйтіп, қалмақтардан Сарытау, Үйгентас, Үсекті азат етуге атсалысады. Іле бойлап Қорғасқа дейін барады. Яғни, Үш жүз әскері жаудан жерді азат ету жолында бір-біріне көмекке барып жүргендігін байқаймыз. Жалпы, қазақ халқына сыйға берілген жер жоқ. Атажұртты қазақ батырлары бірлігімен қорғап, елі мен жерін аманаттап кетті. Осындай жаугершілік заманда өмір сүріп, бүкіл өмірі жаумен күресте өтіп, жан алысып, жан берісті, батыр бабалар елді қорғай білді. Сондықтан, олардың рухына тағзым етіп, халықтың тарихи танымын нығайтып, ұлттық рухын көтеру үшін көп жұмыстар атқарылуы керек.

**Қанат ЕҢСЕНОВ,**
**Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор**



# АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ ХИРУРГИЯ – ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНА ТАЛАБЫ

Бұрын жеңіл-желпі ота жасағанда да порталға кезекке тұрып, ауруханалардағы стационарларда бірнеше күн жатып емделуге тура келетін. Соның орнына емханаларда ашылған амбулаториялық хирургия орталықтары – заманауи медицинаның болашағы зор бағытының бірі. Оны медицина тілінде «Бір күннің хирургиясы» деп те атайды. Шетелде әуелден дамып кеткен мұндай орталықтар Қазақстанда 2000 жылдан бері ашыла бастады. Қазір олар Астанадағы 10 емханада бар.

Атап айтқанда, №5, 6, 8, 9, 10, 12 қалалық емханалар мен «Astana Clinic», «City», «Салауатты Астана» жеке емханалары және «Экстра комфорт» ортопедия орталығында ашылған. Отаны адам денесіне көп пышақ тигізбей жасайтын, яғни аз жарақат салатын және отадан кейін жылдам қалыпқа келетін бұл жеңіл хирургиялы терапия қызметінің бірнеше түрі көрсетіледі.

– Амбулаториялық хирургия стационарларға балама дегеннен гөрі, оларға қосымша толықтырып тұратын қызмет десе жөн болады. Біздің №10 қалалық емхананың өзі 2015 жылы ашылғалы бері амбулаториялық орталық та бірге құрылып, жұмыс істеп келеді. Орталықта хирург, уролог, онколог, гинеколог, офтальмолог, анестезиолог-реаниматолог, проктолог мамандармен бірге, медбикелерді қосқанда, жалпы 13 медицина қызметкері еңбек етеді. Хирургияда терідегі, тері асты май қабаттарында, жұмсақ тінде орналасқан қатерсіз ісіктерді алып тастау оталары жасалады. Ал урологтар ем-диагностика мақсатында цистоскопиямен және қуықтың шырышты қабатын тексеру үшін несепағарға қойылған стент катетерлерді алып тастаумен айналысады. Сонымен қатар варикоцеле, гидроцеле оталарын жасайды. Онкологтар денедегі түрлі ісікті, офтальмологтар көздің айналасында орналасқан өсінділерді алып тастайды және емдік мақсатта көздің астыңғы қабатына ретробульбарлы дәрі енгізеді. Гинекологтар жатыр мойны мен жатырдың шырышты қабатының полиптерін алып тастап, гистероскопия жасайды. Проктологтар геморройларды алып тастау, шырышты қабатын тігіп байлау отасын жүргізеді, – дейді №10 емханадағы амбулатория-хирургия орталығының бөлім меңгерушісі Абзал Зейдулла.

Отадан кейін науқастар кем дегенде 20 минут, әрі кетсе 1-1,5 сағат палатада дәрігерлер бақылауында болады, бәрі дұрыс болса, үйіне қайтарылады. Оңалып кеткенге дейін үнемі мамандар қадағалауында жүреді. Аталған орталық емхананың бесінші қабатында орналасқан. Мұнда науқастар отадан кейін демалатын палаталар, ота жасау бөлмелерінің бәрі санитарлық нормаларға сай жабдықталған.

– Осындай аса күрделі емес оталардың бәрі бұрын ауруханаларда жасалатын болған. Адамдар порталдағы кезегін күтіп, одан ота жасау үшін үш күндей стационарда жататын. Қазір амбулаториялық хирургия орталықтары осы қызметті жылдамдатты. Ота МӘМС жүйесінде жарна төлейтіндер үшін тегін жасалады. Аталған жүйеде жоқ азаматтарға сол арқылы қызмет пайдаланудың тиімділігін айтып түсіндіреміз, – дейді дәрігер.

16 жылдық тәжірибесі бар дәрігер, былтыр ғана «Денсаулық саласының үздігі» марапатын алған Абзал Зейдулла аталған орталықты 2022 жылдан бері басқарады. Қарамағындағы дәрігерлердің ең үлкенінің еңбек өтілі 30 жылдан асса, көбінің 15-20 жылдық тәжірибесі бар. Еңбек жолын бастағанына 3-4 жыл болған бір-екі ғана маман жұмыс істейді. Осы қызметкерлердің күшімен орталықта 18 жастан жоғары қала тұрғындарына 2021 жылы барлығы 470 ота жасалса, 2022 жылы 696, ал былтыр 1670 ота жасалған. Осылайша жыл сайын ота санының көбеюі орталық қызметі мен мамандарына деген сенімнің артқанын да білдіреді.

– Біздің дәрігерлер бір жағы емханада да қабылдау бөлімінде қызмет атқарады. Сол кезде өздеріне қаралған адамдар арасынан ота жасау қажеттілігі анықталғандарды орталыққа әкеліп, тиісті емін жалғастырады. Негізі, бұл оталар ақылы түрде жасалар болса, шамамен 120 мың теңгедей қаржыны қажет етеді. Оның ішінде науқасқа консультация беру, отадан кейінгі бақылау, жараларын таңу қызметтері де бар. Соның бәрі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы тегін көрсетілуде, – дейді бөлім меңгерушісі.

> Осындай аса күрделі емес оталардың бәрі бұрын ауруханаларда жасалатын болған. Адамдар порталдағы кезегін күтіп, одан ота жасау үшін үш күндей стационарда жататын. Қазір амбулаториялық хирургия орталықтары осы қызметті жылдамдатты. Ота МӘМС жүйесінде жарна төлейтіндер үшін тегін жасалады

Орталық қызметіне көбіне 20-50 жастағы елордалық тұрғындар жиі жүгінеді. Соның ішінде офтальмология қызметін 50-ден асқандар көп пайдаланады. Әсіресе соңғы бір жылда осы қызметті пайдаланатындар қатары арта түскен. Одан кейінгі орында хирургтар мен онкологтардың ісікті алып тастау қызметіне келетіндер тұр. Үшінші кезекте гинекология оталары жиі көрсетіледі. Содан соң қуыққа ем-диагностика бағытында ота жасатушылар саны басым. Мамандар қатерлі емес ісіктер қатерлі түріне өтіп, асқынып кетпей тұрғанда дертті дер кезінде анықтап, хирургия көмегімен ауыр жағдайдың алдын алу қажет екенін айтады.

Дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

**БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!**

Өткен жылы Астана қаласында АИТВ инфекциясының 403 жағдайы тіркелді. Барлық анықталған жағдайлардың 64,7 пайызы 20-39 жас аралығындағы халыққа тиесілі.



Астана қаласындағы АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы – консультативтік, диагностикалық, емдік-профилактикалық көмек көрсететін, сондай-ақ АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға диспансерлік бақылауды қамтамасыз ететін мамандандырылған денсаулық сақтау мекемесі. Орталықтың қызметі адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) инфекциясының таралуын барынша шектеуге, оны жұқтырған және ЖИТС-пен ауыратындарға көмек көрсетуге бағытталған.

**ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ:**

– АИТВ инфекциясының болуына зерттеу жүргізу;

– АИТВ-мен өмір сүретін адамдарды диспансерлеу және емдеу;

– емделушілерді антиретровирустық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету;

– АИТВ жұқтырған жүкті әйелдерді жүктілік кезінде, босану кезінде және нәрестелерді вирусқа қарсы профилактикалық емдеу;

– АИТВ инфекциясы бар ересектер мен балалардағы екінші рет қайталанған, оппортунистік аурулардың химиопрофилактикасы және амбулаторлық жағдайда оппортунистік ауруларды (пневмоцистік пневмония, герпестік инфекция, токсоплазмоз және кандидоз) емдеу;

– постконтактілі антиретровирустық профилактика;

– АИТВ инфекциясы мен қосалқы аурулардың бастапқы және растайтын диагностикасы;

– психоәлеуметтік кеңес беру;

– АИТВ инфекциясы ауруларын ескерту және ауруды төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешенін өткізу.

Орталық сонымен қатар аурудың таралуын ескертудің ақпараттық-профилактикалық қызметін жүзеге асырады – АИТВ инфекциясының таралу жолдары және жұқтыруды ескертудің әдістері туралы халыққа ақпарат береді, әртүрлі ведомстволардың мамандарын, мектеп, орта және жоғары оқу орындарының ұстаздарына және оқушыларға оқытуды ұйымдастырады, санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізеді, ақпараттық-білім беру материалдарын басып шығарады және таратады. Медицина қызметкерлерін АИТВ инфекциясын жедел диагностикалау, емдеу және алдын алу мәселелеріне үйретеді.

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР**

Орталық «АИТВ инфекциясының болуына ерікті жасырын және міндетті құпия медициналық зерттеу» мемлекеттік қызметті көрсетеді. Нәтижесі қағаз түрінде беріледі. Анықтама-сертификат берілген сәттен бастап 3 (үш) ай бойы жарамды.

АИТВ инфекциясының бар-жоғына жасырын медициналық зерттеу қызметін алу кезінде құжаттар талап етілмейді, тұтынушыға дербес код беріледі.

Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға тегін, ал шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға ақылы көрсетіледі.

Қабылдау кезек тәртібімен жүзеге асады, алдын ала жазылу мен жедел қызмет көрсету көзделмеген.

Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің тізіміне кірмейтін қызметтер ақылы түрде көрсетіледі.

**Қазіргі таңда ЖИТС орталығының құрылымында 6 бөлім жұмыс істейді:**

– алдын алу бөлімі;

– АИТВ жұқпасын эпидемиологиялық қадағалау бөлімі;

– диагностикалық зертхана;

– емдеу-профилактикалық көмек бөлімі;

– ұйымдастыру-әдістемелік бөлімі;

– информатика және АИТВ жұқпасын компьютерлік қадағалау бөлімі.

**ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЗЕРТХАНА**

Зертханалық талдауларды жоғары білікті мамандар жүргізеді. Инфекциялардың зертханалық диагностикасы ресейлік және шетелдік өндірушілердің тест жүйелерінде, АИТВ диагностикасы – IV буынның тест жүйелерінде жүргізіледі.

– АИТВ инфекциясын зертханалық диагностикалау (скрининг);

– В, С вирустық гепатиттерін зертханалық диагностикалау (скрининг);

– сифилисті зертханалық диагностикалау;

– қанға биохимиялық зерттеу жүргізу;

– автоматты талдауышта қанды, зәрді, жағындыны жалпы талдау;

– АИТВ емдеу тиімділігінің зертханалық көрсеткіштері.



# ҚАН ТАПСЫР ДА, СЫЙЛЫҚ ҰТ!

Астана қаласындағы қан орталығы биыл 15 ақпан-15 маусым аралығында «Донордың 5 игі ісі» акциясын өткізуде.



Осы аралықта қатысушылар орталыққа барып тромбоцит тапсырып, сыйлыққа худи ұтып ала алады. Бұл туралы орталықтың Instagram парақшасында жарияланды. Акцияға қатысу үшін оқырмандар 5 игі іс жасауы қажет.

Міндетті шарты: 2024 жылғы 15 ақпан-15 маусымға дейінгі аралықта елордадағы Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығына келіп, тромбоциттерді кемінде 5 рет тапсыру.

Іс-шара туралы мүмкіндігінше көп адам білуі үшін әлеуметтік желіде келесі іс-әрекеттерді өз еркіңіз бойынша жасауыңыз керек: донация кезінде суретке түсу; тромбоцит тапсыруға досыңызды шақыру; пост жазу; Storis-те репост жасап, орталықтың парақшасын белгілеу.

# БІРІНШІ ҚАБАТТА БАЛАБАҚША АШЫЛАДЫ

Астана қаласының коммуникациялар қызметінде қаладағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметі туралы Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыевтың қатысуымен брифинг өтті. Сала басшысы толыққанды ақпарат берді.



Бүгінде Астана қаласында мектепке дейінгі білім беретін 532 мекемеде 66 119 бала тәрбиеленуде. Дәл қазіргі уақытта «INDIGO: электрондық балабақша» электрондық порталында 47 274 бала кезекке тіркелген. 2023 жылдан бастап ата-аналарға қолдау көрсету мақсатында 100 балабақшада баланы «Индиго» жүйесіне кезекке қою, балабақшадан орын алу сынды мәселелерге қатысты 100 консультациялық пункт жұмыс істеуде. Бүгінге дейін Астана қаласы бойынша 3 мыңға жуық ата-ана мен балаға көмек көрсетілген.

Астана қаласының Білім басқармасы «Баршаға қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндама жобасы аясында бірқатар жұмыстар атқаруда. Жоба аясында 2024 жылы балаларды балабақшамен барынша қамтуға қол жеткізу үшін мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына 10317 орынға мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайту жоспарланған. Өткен жылы да 10317 орынға мемлекеттік тапсырыс берілген екен.

Осы жылы мектепке дейінгі ұйымдар желісін ұлғайту мақсатында жаңа тұрғын үй кешендерінің бірінші қабаттарында қадамдық қолжетімділік қағидаты бойынша бірқатар жаңа балабақшалар ашылған. 2029 жылға дейін 60 балабақша салу жоспарлануда. Бүгінгі күні 10 балабақшаның жер телімдері белгіленіп, жобалау жұмыстары басталған. Бұдан басқа, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға мемлекеттік қызмет көрсету шеңберін кеңейту жоспарлануда.

– Балабақшаларда заңсыз тіркелген балаларды анықтау мақсатында табельдеу процесі цифрландырылған. Өткен жылдың 1 желтоқсанынан бастап INDIGO24 сайтында ата-ананың жеке кабинетінде «Келушілер табелін верификациялау» модулі іске қосылған. Бұл ата-аналарға балаларының балабақшаға барған, бармағанын ашық көрсетіп, табельдеу бойынша толығымен ақпарат алуға, бақылауға мүмкіндік берді, – деді Қ.Сенғазыев.

Былтырғы жылдың қыркүйек айынан бастап қалада әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 10 874 мектепке дейінгі бала тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Білім басқармасы 2023 жылы тамақтануды бақылаудың «Электрондық балабақша» қанатқақты жобасын енгізген.

# ҰБТ-ға ӨТІНІШТЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ

Наурыз айында өтетін Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысу үшін өтініш қабылдау 27 ақпанда басталып, 10 наурызға дейін жалғасады. ҰБТ-ға тіркелу Ұлттық тестілеу орталығының app.testcenter.kz. сайтында немесе UTO қосымшасы арқылы жүргізіледі.

Тестілеудің өзі 1-31 наурыз аралығында өтеді. Наурыздағы ҰБТ-ға шартты түрде ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары оқу орындарына қабылданған, өткен жылғы мектеп және колледж түлектері, Қазақстан азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, сондай-ақ мектеп бітіретін түлектер жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсу үшін қатысады. Қатысушылар тестілеу өткізілетін орынды, күнді және уақытты өздері таңдайды.

ҰБТ-дағы пәндердің саны өзгеріссіз қалды, яғни үшеуі міндетті және екеуі таңдау бойынша жүреді. Алайда «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» міндетті пәндерінен тапсырмалар саны 5 сұраққа қысқарды. Ал бейіндік пәндердің сұрақтар саны артып, 40 тест тапсырмасынан тұрады. Атап өтсек, бейіндік пәндерде берілген тізімнен сәйкестікті анықтауға арналған 5 тапсырма қосылды. Осылайша, ҰБТ тапсырмалар саны өзгеріссіз қалады, жалпы 120 сұрақ. Оның ішінде «Қазақстан тарихынан» 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығынан» 10 тапсырма, «Математикалық сауаттылықтан» 10 тапсырма және екі бейіндік пән бойынша 40 тапсырма.

Жоғары балл – 140, ол да өзгеріссіз қалды. Тестілеу уақыты – 4 сағат (240 минут). Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ұсынылатын қосымша 40 минут уақыт сақталады.

10 ақпанда қаңтардағы ҰБТ аяқталды. Ол тестілеуге 134 мыңға жуық адам қатысты. Оның ішінде талапкерлердің 76,4%-ы қазақ тілінде, 23,5%-ы орыс тілінде, 83 адам ағылшын тілінде тестілеуден өтті. ҰБТ басталғалы шекті балды 77,5%-ға жуық талапкер жинады. Орташа балға келетін болсақ, ол 69 балл болды. Ең жоғарғы балл – 137. Жалпы, 72 талапкер 130-дан жоғары балл жинады.

ОҚУШЫ ХАТ ЖАЗАДЫ

# STEM-мен БІЛІМ БЕРУ ӨЗЕКТІ

Білім беру жүйесінде ғылыми терминдер атауы және соларға негізделген технологиялар көп. Солардың бірі – STEM технологиясы. STEM технологиясы – оқушылар мен мұғалімдердің бірлескен жұмысы.

STEM – математика, жаратылыстану және басқа да пәндерді біріктіріп, солардың негізінде инновациялық дүние ойлап табуға ықпал ететін бірегей технологиялардың түрі. Ғылыми технологияның негізінде оқу үрдісінде дағдыларды қалыптастыруда STEM технологиясы мәселені шешу, шығармашылық, сыни талдау, топтық жұмыс, тәуелсіз ойлау, бастама, байланыс, цифрлық сауаттылық сияқты дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Осы мақсатта мектебімізде «STEM» жобалары жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп тұрады.

Оқушылар мен мұғалімдердің бірлесіп жұмыс жасауымен 2023-2024 оқу жылында үлкен 5 топ құрылды. Әр топ ішінара 2 кіші топқа бөлінді. Ол дегеніміз 10 топ өз жобасы бойынша жұмыс жүргізді.

Мысалы, бір берілген тапсырма – спагеттидің көмегімен әртүрлі форматта көпір жасау болатын. Қолданылатын материалдар – спагетти, желім және қажет болған жағдайда



бояғыштар. Себебі көпірдің беріктігімен қатар сыртқы эстетикалық бейнесі сынға түсті.

Жоба барысында өзім 4-топтың құрамында болғандықтан, оның ішіндегі 4 «А» тобының жұмысына тоқталсам, оның құрамында 4 мұғалім Гүлнұр Смағұлова, Ақерке Жүсіпова, Әйгерім Жүнісбекова, Ержан Рүстемханов болды. Сондай-ақ 7 «З» сынып оқушысы Нұртілек Жұмаділ, 7 «З» сынып оқушысы Артур Шамсудинов, 7 «З» сынып оқушысы Альтаир Болатұлы мұғалімдермен бірге бірлесе жұмыс жасады.

Көпірдің аты – «Al dente». Яғни италия тілінде аударылғанда мынадай мағынаға ие: Аль-денте (италиянша. al dente – «тісте»; айтылады al dente) – спагетти немесе күріштің аспаздық дайындық күйі, тістеген кезде қатты болады. Көпіріміз – берік әрі мықты болсын дегендіктен, осындай атау берілді. Бұл атау оқушылардың креативтілік көзқарасымен ойлап табылды.

Өзге де топтағы көпірлердің өздеріне тән атаулары және төлқұжаттары бар. Барлығы ауқымды түрде өткен таныстырылымы қорғалып, жүргізілді. Бірлесе атқарған топтық жұмыстың жүйесін презентация кезінде оқушылар қорғап, айтып шықты. Оған қоса видеороликтер мен көпірдің құрылысы егжей-тегжейлі көрсетілді.

STEM жобасы көпір жобасымен ғана шектелмейді, алдағы уақытта жалғасын табады. Өйткені жүзеге асырар жобалар жоспары көп.

**Ақерке ЖҮСІПОВА,**
**Төлеген Айбергенов атындағы №16 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**




# АКАДЕМИКТІҢ МЕКТЕПТЕГІ МУЗЕЙІ

Астанадағы Қ.Сәтбаев атындағы № 61 орта мектепте тұңғыш геолог Қаныш Сәтбаев музейі 125 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылды. Аты аңызға айналған академик ғалым Жезқазған және Қарсақбай ауданындағы басқа да пайдалы қазбалар кен орындары геологиясын зерттеді.

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

Сәтбаев геологиялық барлау жұмыстарын жүргізді, оның жетекшілігімен бұрғылау мастерлері, сызба сызушылар, прорабтар және т.б. кадрлар қалыптасты. Қазақстандық ғалым Жезқазған мыс кен орнының қоры бұрынғыдан әлдеқайда көп екенін дәлелдеді. Осы жаңалық үшін оған 1940 жылы КСРО жоғары мемлекеттік наградасы – Ленин ордені берілді. Кейінірек оған тағы төрт орден табыс етілді.

1947 жылы Англияға сапар жасаған кеңес парламентарийінің ішіндегі қазақ ғалымына Ұлыбританияның экс премьер-министрі У.Черчилль қалжыңдап «Барлық қазақтар сіз сияқты сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» деп сұрапты. Сонда академик Қ.Сәтбаев «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің халқым менен де биік» деп жауап беріпті. Осы бірауыз сөзден ғалымның дене бітімі ғана емес, жан дүниесінің, халқын сүйген жүрегінің де ірі екенін байқауға болады.

Қазақстанның қала, ауылдарында Сәтбаев есімімен аталатын жүздеген көше, 40-тан астам мектеп және ғалымның ескерткіштері бар. Оның есімі Қазақстан Ғылым академиясының Геология ғылымдары институтына, бір қала мен ғаламшарға, еліміздің ең ірі техникалық оқу орны Қазақ ұлттық техникалық университетіне берілген. Сәтбаевтың құрметіне Жоңғар (Жетісу) Алатауы жотасындағы мұздық пен шың, Қаратаудағы ваннадий кен орнынан табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған.

Жаңадан ашылған мұражай екі бөлімнен тұрады: І бөлімде Қаныш Сәтбаевтың өмірі, (отбасы), еңбек жолы («Қарсақбай», «Жезқазған», «Ғылым академиясы») қойылса, ІІ бөлімде минералдар топтамасы қойылған. Сондай-ақ соңғы үлгідегі галограмма арқылы Қаныш Сәтбаев бейнесі көрсетіледі.

